

Қазақстан Республикасы Оқу–ағарту министрлігі
Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы



**БАСТАУЫШ ЖӘНЕ НЕГІЗГІ ОРТА БІЛІМ БЕРУ ПӘНДЕРІ БОЙЫНША
«МЕҢГЕРІЛМЕГЕН» БӨЛІМДЕР МЕН ТАҚЫРЫПТАРДЫ ЗЕРДЕЛЕУ
БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

Астана, 2024

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Ғылыми–әдістемелік кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылды (2024 жылғы 8 қарашадағы №7 хаттама)

Бастауыш және негізгі орта білім беру пәндері бойынша «меңгерілмеген» бөлімдер мен тақырыптарды зерделеу бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2024. – 80 б.

Бұл әдістемелік ұсынымдар бастауыш және негізгі орта білім беру пәндері бойынша «меңгеруге» қиындық тудыратын бөлімдер мен тақырыптарды анықтау, талдау және олар бойынша педагогтердің жұмыс жасауы үшін әдістемелік ұсынымдар қарастырылған. Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға, білім алушылардың білім сапасын жақсартуға және оқу бағдарламасын толық игеруге бағытталған және оқу үдерісін ұйымдастыруда қосымша көмекші құрал бола алады.

Әдістемелік ұсынымдар білім беру процесіне қатысушыларға, мұғалімдерге, әдіскерлерге арналған.

КІРІСПЕ

Қазіргі білім беру жүйесі білім алушылардың жан-жақты дамуын қамтамасыз ету үшін оқу бағдарламаларын жетілдіріп отыруды талап етеді. Соның ішінде маңызды мәселелердің бірі – бастауыш және негізгі орта білім беру пәндеріндегі «меңгеруге» қиындық тудыратын тақырыптар мен бөлімдерді анықтау және оларды оқыту мәселесі. Бұл тақырыптар әртүрлі себептермен білім алушылардың меңгеруінде қиындық туғызады және педагогтер тарапынан ерекше назарды қажет етеді.

«Меңгеруге» қиындық тудыратын тақырыптар мен бөлімдерді талдау – оқу бағдарламаларының мазмұны мен түрлі пәндерді оқытудағы негізгі проблемалық тұстарды анықтауға мүмкіндік береді. Бұл үдеріс білім алушыларға қиындық тудыратын нақты тақырыптарды ғана емес, сонымен қатар күрделі ұғымдарды түсіндіру барысында туындайтын жалпы әдістемелік мәселелерді де қамтиды. Осы әлсіз тұстарды түсіну арқылы білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды жоюға және материалды терең әрі сапалы игеруге көмектесетін тиімді әдістемелік ұсынымдарды ұсынуға болады.

«Меңгеруге» қиындық тудыратын тақырыптар мен бөлімдерді оқытуға арналған әдістемелік ұсынымдар білім алушыларды оқыту сапасын арттыруға қолдау көрсетуде маңызды рөл атқарады. Мұндай ұсынымдар оқытуды қолжетімді әрі сапалы етуге көмектесетін нақты стратегиялар, әдістер мен тәсілдерді қамтиды. Атап айтқанда, сараланған оқытуға, тың әдістерге және материалды жан-жақты меңгеруге көмектесетін қосымша ресурстарды пайдалануға ерекше көңіл бөлінеді.

Бұл ұсынымдар екі негізгі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде бастауыш және негізгі орта білім беру пәндері бойынша «меңгеруге» қиындық тудыратын тақырыптар мен бөлімдерді талдау қарастырылады. Мұнда әртүрлі пәндер бойынша проблемалы тақырыптарға шолу жасалып, бұл тақырыптардың білім алушыларға қиындық туғызу себептеріне талдау жасалады. Екінші бөлімде осы қиындықтарды еңсеру бойынша әдістемелік ұсынымдар беріледі. Бұл бөлімде оқу үдерісін ұйымдастыруға қатысты жалпы тәсілдер де, материалды меңгеруді жақсартуға бағытталған нақты әдістемелер де қарастырылады, сонымен қатар қосымша оқу құралдарын қолдануға байланысты ұсыныстар да келтірілген.

Ұсынымдарды әзірлеу барысында білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингі (ББЖМ), ҰБТ нәтижелері және осы бағытта республика педагогтерінен алынған сауалнама нәтижелері негізге алынды.

Осылайша, аталған ұсынымдар білім беру сапасын арттыруға және оқу үдерісінде «меңгеруге» қиындық тудыратын тақырыптар мен бөлімдердің туындауын барынша азайтуға септігін тигізеді. Сондай-ақ әдіскерлер мен білім беру ұйымдарының пән мұғалімдері үшін пайдалы құрал болуды мақсат етеді.

1. БАСТАУЫШ ЖӘНЕ НЕГІЗГІ ОРТА БІЛІМ БЕРУ ПӘНДЕРІ БОЙЫНША «МЕҢГЕРІЛМЕГЕН» БӨЛІМДЕР МЕН ТАҚЫРЫПТАРДЫ ТАЛДАУ

Бастауыш білім беру пәндері

«Меңгеруге» қиындық тудыратын тақырыптар мен оқу бағдарламасының бөлімдерін талдауға арналған бөлімнің кіріспесі білім беру процесінің проблемалық аспектілерін терең талдаудың қажеттілігін ғана емес, сондай-ақ білім алушылардың үлгерімін арттыруға арналған шешімдер іздеудің маңыздылығын атап көрсетуі тиіс. 2023 жылғы ББЖМ нәтижелері 4 және 9-сынып білім алушыларының үлгерім деңгейінің жалпы үрдісі төмендегенін көрсетті, бұл себептерді терең зерттеуді және оқытудың сапасын жақсарту үшін әдістемелік ұсынымдар әзірлеуді талап етеді.

Білім беру нәтижелерін талдай отырып, үлгерімді төмендетуге әсер еткен бірнеше негізгі факторларды атап көрсету маңызды. Біріншіден, қатысушы мектептердің өзгеруі, яғни шағын жинақты мектептер санының артуы жалпы көрініске белгілі бір өзгерістер енгізді, бұл назар аударуды талап етеді. Екіншіден, Ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысқан мектептердің нәтижелері талданды. Талдау шарттары алдыңғы жылдармен салыстырудың сенімділігіне әсер етуі мүмкін, себебі іріктеме мен тестілеу өткізу шарттары өзгерді.

Білім алушылардың үлгерімін өңірлер бойынша салыстырсақ, Алматы, Астана және Қарағанды облысындағы білім алушылар ең жоғары жетістіктер көрсеткенін байқауға болады, ал Ұлытау өңіріндегі білім алушылар қиындықтарға тап болғаны байқалды. Бұл – өңірлік білім берудегі түйіткілді мәселелерге ерекше назар аударуды қажет етеді, себебі ол білім беру ресурстары мен қолдаудың жекелеген өңірлерде жүйелі проблемаларының бар екенін көрсетуі мүмкін.

Сонымен қатар, оқу тілі бойынша нәтижелердің айырмашылығы 4-сынып білім алушылары арасында орыс тілінде оқитындардың жақсы нәтиже көрсеткенін, ал 9-сыныптарда керісінше, қазақ тілінде оқитындардың жоғары нәтижелер көрсеткені аңғарылды. Бұл айырмашылықтар оқыту әдістемесінің ерекшеліктерімен және білім алушылардың тілдік аспектілер бойынша дайындық деңгейімен байланысты болуы мүмкін.

Үш тестілеу бағытының ішінде білім алушылардың оқу сауаттылығы бойынша нәтижелері тұрақты. Алайда, соған қарамастан, талдау, салыстыру және мәтінді интерпретациялау сияқты күрделі тапсырмаларды орындауда төмен нәтижелері көрсетуде. Бұл білім алушылардың мәтінді терең түсінудегі жеткіліксіз тұстарын және сын тұрғысынан ойлау мен ақпаратты өңдеу тапсырмаларын орындаудағы қабілетсіздігін көрсетеді.

Осылайша, ұсынылған деректер тек оқу сауаттылығы бағыттары бойынша ғана емес, сондай-ақ білім алушыларда айрықша қиындықтар туғызатын оқу бағдарламасының нақты тақырыптары мен бөлімдері бойынша терең талдауды талап етеді. «Меңгеруге» қиындық тудыратын тақырыптарға ерекше назар

аударылуы тиіс, олар бастауыш мектептен негізгі орта білімге өтеді, бұл оқыту тәсілдерін жүйелі қайта қарау қажеттігін көрсетеді.

Білім алушылардың үлгерімінің төмендеу себептерін тереңірек түсіну және оқу бағдарламасындағы «менгеруге» қиындық тудыратын тақырыптарды анықтау үшін бастауыш сыныптардан бастап әр пәнді жеке-жеке талдау қажет. Бұл талдау – нақты қандай тақырыптар мен бөлімдердің білім алушыларда айрықша қиындықтар туындататынын анықтауға мүмкіндік береді және оларды жақсарту үшін мақсатты әдістемелік ұсынымдар әзірлеуге көмектеседі.

Мониторинг нәтижелері, атап айтқанда, 2023 жылғы білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингі (ББЖМ–2023) бастауыш сыныптарда тест тапсырмаларын орындаудағы тенденцияларды көрсетеді. Бұл тест тапсырмалары негізгі бағыттар: оқу, математикалық және жаратылыстану-ғылыми сауаттылықтар бойынша жіктелген. Тест тапсырмалары үш деңгейлі күрделілікке бөлінген: базалық (30%), орташа (50%) және жоғары (20%). Мониторинг нәтижелері тапсырмаларды орындаудағы табыстылықтың олардың күрделілік деңгейіне тікелей байланысты екенін және тапсырмалардың күрделілігі артқан сайын орындау пайыздарының төмендейтінін аңғартады.

Осылайша, алынған деректер білім алушылардың үлгеріміне әсер ететін факторларды тереңірек зерттеу қажеттілігін растайды, бұл оқу бағдарламасындағы проблемалық аспектілерді тиімді шешуге мүмкіндік береді. Оқу сауаттылығы бойынша базалық деңгейдегі тапсырмаларды орындау үлесі 74,5%–ды құраған, бұл орташа (55,2%) және жоғары деңгейдегі (51,3%) тапсырмалармен салыстырғанда әлдеқайда жоғары. Білім алушылар мәтіндегі айқын ақпаратты табуда жақсы нәтиже көрсеткенімен, мәтінді терең талдауда, рефлексия мен синтезді қажет ететін күрделі тапсырмаларда қиындықтарға тап болады.

Математикалық сауаттылық бойынша да осындай үрдіс байқалады. Базалық деңгейдегі тапсырмаларды орындау үлесі 62,1%–ды құраған, ал орташа деңгейдегі тапсырмаларды орындау көрсеткіші 49,9%, жоғары деңгейдегі тапсырмаларды орындау 45,3%–ды құраған. Білім алушылар қарапайым есептерді шығаруда жақсы нәтиже көрсеткенімен, күрделі тапсырмаларды орындауда, яғни терең түсінік пен білімді қолдануды қажет ететін тапсырмаларда қиналады.

Жаратылыстану сауаттылығы бойынша базалық деңгейдегі тапсырмаларды орындау 59,5%–ды құраса, орташа және жоғары деңгейдегі тапсырмалар тиісінше 4,8% және 5,8%–ға төмен нәтижелер көрсеткен. Әсіресе, «Жануарлар» және «Күш пен қозғалыс» жоғары деңгейдің тақырыптары болғандықтан, бұл тапсырмалар білім алушыларға қиындық туғызды.

Тілді оқыту тілі мен мектептің орналасқан жеріне қатысты нәтижелерді талдау барысында, орыс тілінде білім алатын білім алушылар барлық деңгейлерде жоғары нәтиже көрсеткен (айырмашылық 3,7%–дан 7,9%–ға дейін). Ал қала және ауыл мектептеріндегі білім алушылардың нәтижелері арасындағы айырмашылық шамалы ғана болды, яғни 1,2%–дан 2,8%–ға дейін, бұл географиялық орналасу факторына қарамастан білім нәтижелерінің салыстырмалы түрде теңдестірілгенін көрсетеді.

Қорытындылай келе, 2023 жылғы ББЖМ нәтижелері білім алушыларда ақпаратты терең талдау және синтездеу дағдыларын дамыту қажеттігін көрсетеді, әсіресе орташа және жоғары деңгейдегі тапсырмаларда байқалған қиындықтарды еңсеру үшін қосымша жұмыстар жүргізу қажет.


Бастауыш білім беру – білім алушының танымдық, әлеуметтік және тұлғалық дамуының негізін қалайтын маңызды кезеңдердің бірі. Білім алушы осы уақытта оқу, жазу, есептеу дағдыларын меңгеріп қана қоймай, ақпаратты өз бетімен қабылдау, талдау және қолдану қабілеттерін қалыптастырады. Сондықтан бастауыш сыныптардағы білім беру процесі дұрыс ұйымдастырылған жағдайда, білім алушыларда берік білім іргетасы қаланады. Алайда, әрбір білім алушының оқу материалын түсіну деңгейі әртүрлі болғандықтан, кейбір тақырыптарды меңгеруде қиындықтар туындауы мүмкін.

Осы орайда, білім алушылардың оқу процесін жетілдіру үшін ең алдымен олардың меңгермеген немесе қиындық тудырған тақырыптарын анықтау қажет. Мұндай тақырыптарды анықтауда сауалнамалар мен білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг жүргізу сияқты әдістер маңызды рөл атқарады. Бұл әдістер арқылы білім алушылардың қандай бөлімдерді немесе тақырыптарды түсінбегенін дәл анықтауға және осы мәселелерді шешу үшін нақты ұсыныстар жасауға мүмкіндік туады.

«Меңгеруге» қиындық тудыратын тақырыптарды анықтау білім алушылардың оқу жетістіктеріне тікелей әсер етеді. Қиындық тудыратын тақырыптар уақытында шешілмесе, бұл болашақта білім алушылардың білім деңгейінің төмендеуіне, мектептегі басқа пәндердегі жетістіктеріне кері әсер етуі мүмкін. Осы себепті бастауыш сыныптарда «меңгеруге» қиындық тудыратын тақырыптарды ерте анықтап, оларды дер кезінде түзету аса маңызды.

Сауалнама және мониторинг нәтижелеріне сүйене отырып, бастауыш сынып білім алушыларының білім алу барысындағы негізгі қиындықтар қазақ тілі, әдебиеттік оқу, математика, дүниетану және жаратылыстану пәндеріне байланысты екені анықталды. Бұл пәндер білім алушылардың логикалық ойлауын, тілдік дағдыларын және әлем туралы жалпы түсініктерін дамытуға бағытталған. Алайда, теориялық білімді практикада қолдану қабілеттерінің жеткіліксіздігі, сондай-ақ кейбір күрделі тақырыптарды түсіндіруде кездесетін қиындықтар білім алушылардың бұл пәндердегі жетістіктеріне кедергі келтіріп отыр.

2023-2024 оқу жылының қорытындысы бойынша бастауыш сыныптарда «меңгеруге» қиындық тудыратын тақырыптарды анықтау мақсатында педагогтер арасында сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға 14 өңірден 6686 респонденттер қатысты. Олар туралы мәліметті 1-суреттен байқауға болады.



1-сурет. Сауалнама нәтижесі

Әр пән бойынша қиындық туғызған тақырыптар мен бөлімдер төмендегідей:

Қазақ тілі пәні бойынша

2-сыныпта білім алушылар үшін «Тіл және сөйлеу», «Диалог және монолог» тақырыптары күрделі болды. «У дыбысының дауысты және дауыссыз болып айтылуы», «И, й әріптерінің жазылуы», «Я және Ю әріптерінің жазылуы» секілді әріптер мен дыбыстардың ерекшеліктері, «Дауыссыз дыбыстардың түрлері» (п–б, қ–ғ, к–г, л–р, н–ң), «Мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойы», «Мәтіннің құрылымы» тақырыптары да меңгеруде қиындық туғызған. Сөйлем түрлері (хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемдер), сөз құрамы (түбір мен қосымша, жұрнақ пен жалғау), сөз таптары (зат есім, етістік, сын есім, сан есім) тақырыптары бойынша да білім алушылардың түсініктері әлсіз болғаны байқалады.

3-сыныпта «Тіл және сөйлеу», «Мәтін және оның түрлері», «Қаратпа сөздер», сондай-ақ, қазақ тілінде жиі кездесе бермейтін Э, В, Ф дыбыстары мен дыбыстардың үндесуі сияқты тақырыптарда білім алушылар қиындықтарға тап болған. Сонымен қатар, түбір сөз және туынды сөз, сөйлем мүшелері (бастауыш, баяндауыш), жалаң және жайылма сөйлемдер де толық «меңгеруге» қиындық тудыратын тақырыптар қатарында.

4-сыныпта білім алушылардың «Тіл және сөйлеу», «Фонетика (буын және дыбыс үндестігі)», «Синтаксис (сөз тіркесі)», «Морфология (зат есімнің түрленуі, есімдік, етістіктің шақтары)», «Сөздің мағынасы (омонимдер, синонимдер, антонимдер)» сияқты тақырыптарда түсініктері жеткіліксіз болғаны байқалды. Сондай-ақ, күрделі сөздер (біріккен сөздер, қос сөздер, қысқарған сөздер) тақырыбы бойынша да меңгеру деңгейі төмен.

Әдебиеттік оқу пәні бойынша

2-сыныпта:

Сөйлеу әрекетінің тыңдалым дағдысы бойынша: «1.5 Тыңдалған шығарма бойынша пікір білдіру» бөлімшесі қиындық тудырған. Білім алушылар тыңдалған шығарманың мазмұнын түсіну, оған қатысты өз пікірлерін білдіруде, сонымен қатар, тыңдалым нәтижесінде туындайтын сұрақтарға жауап беруде қиындықтарға кездескен.

Оқылым: білім алушыларда «2.3 шығарманың тақырыбы мен ондағы негізгі ойды анықтау»; «2.5 шығарманың композициясын анықтау»; «2.6 кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалау»; «2.7 әдеби көркемдегіш құралдардың қолданысын анықтау» бөлімшелері шығарманың негізгі мазмұнын түсіну, сұрақтар қою және жауап беру, тақырыбы мен негізгі ойын анықтау, кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалау тақырыптарында мәселелер туындаған. Білім алушылар шығарманың мазмұнын толық түсіну, оның құрылымын анықтау, кейіпкерлердің мінез-құлқын бағалау мен әдеби көркемдегіш құралдардың рөлін түсіну мәселелерінде қиындықтарға тап болған.

Жазылым: «3.2 Шығарманың түрлі жанры бойынша шығармашылық жұмыс жазу»; «3.3 Шығармашылық жұмыстарды түрлі формада ұсыну» бөлімшелері, яғни шығарманың жоспарын құру, түрлі жанрда шығармашылық жұмыстар жазу, қатені табу және түзету сияқты тапсырмаларда да қиындықтар анықталды. Білім алушылар шығармашылық жұмысты жоспарлау, өз ойларын жүйелі түрде жеткізу, жанрға сай жұмыс жазу барысында қиындықтарға кездескен.

3-сыныпта:

Тыңдалым: «1.1 Шығарманың мазмұнын түсіну»; «1.3 Шығармадағы оқиғаны болжау» бөлімшелері бойынша білім алушыларда қиындықтар байқалған. Білім алушылар тыңдалған шығарманың мазмұнын терең түсіну, оған қатысты болжамдар жасау және өз ойларын жеткізу барысында мәселелер туындаған.

Оқылым: «2.5 Шығарманың композициясын анықтау»; «2.7 Әдеби көркемдегіш құралдардың қолданысын анықтау»; «2.8 Көркем шығарма элементтерін салыстыру» бөлімшелері білім алушылардың шығарманың құрылымын, әдеби құралдарды қолдану әдістерін және көркем шығарма элементтерінің ерекшеліктерін түсінуде қиындықтарға тап болуына себеп болған. Білім алушылар композициялық құрылымды анықтау, әдеби көркемдегіш құралдардың рөлін түсіну, сондай-ақ шығармалар арасындағы салыстыру жасау мәселелерінде проблемаларға кездескен.

Жазылым: «3.2 Шығарманың түрлі жанры бойынша шығармашылық жұмыс жазу»; «3.3 Шығармашылық жұмыстарды түрлі формада ұсыну» бөлімшелері, яғни шығармашылық жоспарды құру, әр түрлі жанрда жұмыстар жазу және ұсыныстарды тиімді жеткізу сияқты тапсырмаларда да қиындықтар анықталды. Білім алушылар шығармашылық жұмыстарды жоспарлау, жанрға сай жұмыстарды жазу, өз идеяларын әр түрлі формада ұсыну барысында кедергілерге тап болған.

4-сыныпта:

Тыңдалым: «1.1 Шығарманың мазмұнын түсіну»; «1.3 Шығармадағы оқиғаны болжау»; «1.5 Тыңдалған шығарма бойынша пікір білдіру» бөлімшелері бойынша білім алушыларда қиындықтар байқалған. Білім алушылар тыңдалған шығарманың мазмұнын толық түсіну, шығармадағы оқиғаларды болжау, сондай-ақ, өз пікірлерін айқын әрі нақты жеткізу барысында проблемаларға тап болған.

Оқылым: «2.2 Шығарманың мазмұны бойынша сұрақтар қою және жауап беру»; «2.4 Әдеби шығарманың жанрын анықтау»; «2.7 Әдеби көркемдеуіш құралдардың қолданысын анықтау» бөлімшелері білім алушылардың шығарманың мазмұнына қатысты сұрақтар қою, жанрын анықтау және әдеби көркемдеуіш құралдардың маңыздылығын түсіну мәселелерінде қиындықтарға тап болуына себеп болған. Білім алушылар сұрақтарды дұрыс қою және оларға жауап беру, сондай-ақ, шығарманың жанры мен әдеби құралдарын анықтау кезінде кедергілерге кездескен.

Жазылым: «3.3 Шығармашылық жұмыстарды түрлі формада ұсыну» бөлімшесінде білім алушылар шығармашылық жұмыстарын жоспарлау, оларды әр түрлі формада ұсыну, сондай-ақ, өз идеяларын нақты жеткізу барысында қиындықтарға тап болған.

Математика пәні бойынша

2–сыныпта:

Сандар мен шамалар: натурал сандар және 0 саны туралы білімді меңгеруде қиындықтарға тап болды.

Сандар мен амалдар орындау: сандармен амалдар орындау (қосу, азайту) барысында білім алушылар кейбір есептерді шешуде қиындықтарға кездескен.

Шамалар және өлшем бірліктері: шамаларды, өлшем бірліктерін анықтау мәселелерімен танысуда қиындықтар туындаған.

Алгебра элементтері: санды және әріпті өрнектер: білім алушылар санды және әріпті өрнектердің айырмашылығын, олардың қолданылу принциптерін түсінуде қиындықтарға тап болды.

Теңдіктер мен теңсіздіктер. Теңдеулер: теңдіктер мен теңсіздіктерді, теңдеулерді шешу кезінде білім алушылар кейбір тұжырымдамаларды меңгеруде проблемаларға кездескен.

Геометрия элементтері: геометриялық фигуралар және олардың классификациясы: геометриялық фигураларды тану және олардың классификациясын анықтау барысында қиындықтар туындаған.

Нүктелер координаттары және қозғалыс бағыты: нүктелердің координаттарын анықтау және қозғалыс бағытын түсіну мәселесінде проблемалар болған.

Жиындар. Логика элементтері: жиындар және олармен орындалатын амалдар: жиындар құру барысында қиындықтар туындаған.

Математикалық модельдеу: есептер және математикалық модель: Математикалық модельдеу, яғни есептерді шешу үшін модельдер құруда білім алушылар қиындықтарға кездесті.

3–сынып:

Сандар мен шамалар: білім алушылар натурал сандардың анықтамасы, 0 санының маңызы мен үлес туралы білімді меңгеруде қиындықтарға тап болды.

Сандар мен амалдар орындау: сандармен амалдар орындау (көбейту, бөлу) барысында білім алушылар кейбір есептерді шешуде қиындықтарға кездескен.

Шамалар және өлшем бірліктері: шамаларды, өлшем бірліктерін анықтау және оларды қолдану мәселелерімен танысуда қиындықтар туындаған.

Алгебра элементтері: санды және әріпті өрнектер: білім алушылар санды және әріпті өрнектердің айырмашылығын, олардың қолданылу принциптерін түсінуде қиындықтарға тап болды.

Теңдіктер мен теңсіздіктер. Теңдеулер: теңдіктер мен теңсіздіктерді, теңдеулерді шешу кезінде білім алушылар кейбір тұжырымдамаларды меңгеруде проблемаларға кездескен.

Геометрия элементтері: геометриялық фигуралар және олардың классификациясы: геометриялық фигураларды тану және олардың классификациясын анықтау барысында қиындықтар туындаған.

Жиындар. Логика элементтері: жиындар және олармен орындалатын амалдар: жиындардың анықтамасы және оларға қатысты амалдарды орындау кезінде қиындықтар туындаған.

Математикалық модельдеу: есептер және математикалық модель: математикалық модельдеу, яғни есептерді шешу үшін модельдер құруда білім алушылар қиындықтарға кездесті.

Математикалық тіл: математикалық тілдің терминдері мен символдарын түсіну мәселесінде проблемалар болды.

4–сынып:

Сандар мен шамалар: натурал сандар және 0 саны. Бөлшектер: Білім алушылар натурал сандарды, 0 санын және бөлшектерді түсіну барысында қиындықтарға тап болды.

Сандар мен амалдар орындау: сандармен амалдар орындау (қосу, азайту, көбейту, бөлу) барысында білім алушылар кейбір есептерді шешуде қиындықтарға кездескен.

Шамалар және өлшем бірліктері: шамаларды, өлшем бірліктерін анықтау және оларды қолдану мәселелерімен танысуда қиындықтар туындаған.

Алгебра элементтері: санды және әріпті өрнектер: білім алушылар санды және әріпті өрнектердің айырмашылығын, олардың қолданылу принциптерін түсінуде қиындықтарға тап болды.

Теңдіктер мен теңсіздіктер. Теңдеулер: теңдіктер мен теңсіздіктерді, теңдеулерді шешу кезінде білім алушылар кейбір тұжырымдамаларды меңгеруде проблемаларға кездескен.

Геометрия элементтері: геометриялық фигуралар және олардың классификациясы: геометриялық фигураларды тану және олардың классификациясын анықтау барысында қиындықтар туындаған.

Нүктелер координаттары және қозғалыс бағыты: нүктелердің координаттарын анықтау және қозғалыс бағытын түсіну мәселесінде проблемалар болған.

Шығарманың түрлі жанры бойынша шығармашылық жұмыс жазу: білім алушылар шығармашылық жұмыстар жазу барысында жанрларға қатысты қиындықтарға тап болды.

Жиындар. Логика элементтері: жиындар және олармен орындалатын амалдар: жиындардың анықтамасы және оларға қатысты амалдарды орындау кезінде қиындықтар туындаған.

Пікірлер: білім алушылар пікірлерді құрастыру мен талдау барысында проблемаларға тап болды.

Тізбектер: тізбектердің түрлері мен олардың құрылымын түсіну қиындық туғызған.

Нысандардың комбинациялары: нысандардың комбинацияларын жасау кезінде білім алушылар кейбір қиындықтарға тап болды.

Математикалық модельдеу: есептер және математикалық модель: Математикалық модельдеу, яғни есептерді шешу үшін модельдер құруда білім алушылар қиындықтарға кездесті.

Математикалық тіл: математикалық тілдің терминдері мен символдарын түсіну мәселесінде проблемалар болды.

Жаратылыстану пәні бойынша

2–сыныпта «Мен зерттеушімін» бөлімінде білім алушылар ғылым мен зерттеушілердің рөлін және табиғатты тану әдістерін меңгеруде қиындықтарға тап болды. «Жанды табиғат» бөлімінде өсімдіктер, жануарлар және адам тақырыптары бойынша қиындықтар байқалды. «Заттар және олардың қасиеттері» бөлімінде ауа, су және табиғат ресурстарының ерекшеліктерін түсінуде мәселелер туындады. «Жер және ғарыш» бөлімінде жер, ғарыш, кеңістік және уақытты түсіну қиындық тудырды. «Табиғат физикасы» бөлімінде күш және қозғалыс, жарық, дыбыс, жылу, магниттілік тақырыптары бойынша білім алушылардың меңгеруінде проблемалар болды.

3–сыныпта «Мен зерттеушімін» бөліміндегі ғылым мен зерттеушілердің рөлі, табиғатты тану әдістері бойынша білім алушылар қиындықтарға тап болды. «Жанды табиғат» бөлімінде өсімдіктер, жануарлар және адам туралы білімді меңгеруде мәселелер байқалды. «Заттар және олардың қасиеттері» бөлімінде ауа, су және табиғат ресурстарын анықтау барысында қиындықтар туындады. «Жер және ғарыш» бөлімінде жер, ғарыш, кеңістік және уақыт туралы білім алуда проблемалар болды. «Табиғат физикасы» бөлімінде күш және қозғалыс, жарық, дыбыс, жылу, магниттілік тақырыптары бойынша қиындықтар көрінді.

4–сыныпта «Мен зерттеушімін» бөлімінде ғылым мен зерттеушілердің рөлін, табиғатты тану әдістерін меңгеруде қиындықтар болды. «Жанды табиғат» бөлімінде өсімдіктер, жануарлар және адам тақырыптарына қатысты білім алуда проблемалар туындады. «Заттар және олардың қасиеттері» бөлімінде ауа, су және табиғат ресурстарын түсіну қиындық тудырды. «Жер және ғарыш» бөлімінде жер, ғарыш, кеңістік және уақыт бойынша білім алуда мәселелер болды. «Табиғат физикасы» бөлімінде күш және қозғалыс, жарық, дыбыс, жылу, магниттілік тақырыптары бойынша білім алушылар қиындықтарға тап болды.

Дүниетану пәні бойынша

2–сынып:

Мен және қоғам бөлімі: мен және менің отбасым, денсаулық пен қауіпсіздік тақырыптарында білім алушыларда қиындықтар бар.

Елімнің табиғаты бөлімі: жергілікті жерде бағдарлау, климат, табиғи жағдайлар тақырыптары бойынша меңгеру деңгейі төмен.

Тарих беттерінен бөлімі: ежелгі мәдениеттер мен өркениеттер, Қазақстанның тарихи тамыры, маңызды тарихи оқиғалар тақырыптары бойынша да қиындықтар анықталды.

3–сынып:

«Мен және қоғам» 1.1 Мен және менің отбасым: білім алушылардың отбасылық құрылым және оның әлеуметтік рөлі туралы түсініктері жеткіліксіз.

1.4 Денсаулық пен қауіпсіздік: денсаулық сақтау және қауіпсіздік шаралары жөніндегі білімдері жеткіліксіз.

1.6 Мерекелер: Қазақстанда өтетін мерекелер мен олардың маңызы жөніндегі білімдері толық емес.

«Елімнің табиғаты» 2.3 Табиғи жағдайлар және олардың әсері: табиғи жағдайлардың адам өміріне әсері жөніндегі білімдері толық емес.

2.4 Туризм: туризмнің маңызы мен мүмкіндіктері туралы мәліметтері жеткіліксіз.

«Тарих беттерінен» 3.2 Қазақстанның тарихи тамыры: Қазақстанның тарихы мен мәдениетінің тереңдігі туралы түсініктері жеткіліксіз.

3.5 Қазақстан тарихы: тәуелсіздік, мемлекеттілік және патриотизм: Тәуелсіздік, мемлекеттілік және патриотизм мәселелері жөніндегі білімдері нашар.

4–сынып:

«Мен және қоғам» 1.5 Құқық және міндет: білім алушылар құқықтар мен міндеттерінің арасындағы байланыс туралы анық түсінік қалыптастыра алмаған.

«Елімнің табиғаты» 2.2 Климат және ауа райы: климаттық өзгерістер мен ауа райы туралы білімдері шектеулі.

2.3 Табиғи жағдайлар және олардың әсері: Табиғи жағдайлардың адам өміріне әсері жөніндегі білімдері толық емес.

«Тарих беттерінен» 3.3 Қазақстан тарихындағы маңызды оқиғалар: Қазақстан тарихындағы маңызды оқиғалардың мәні мен маңызы жөніндегі білімдері толық емес.

3.4 Көрнекті тарихи тұлғалар және мәдениет қайраткерлері: Тарихи тұлғалар мен мәдениет қайраткерлері жөнінде ақпараттарды меңгеру деңгейі төмен.

Бұл қорытынды нәтижелер білім алушылардың білім деңгейін арттыру мақсатында келесі оқу жылында аталған тақырыптарға қосымша назар аударуды талап етеді.

Сауалнамалар мен білім жетістіктерін бағалау нәтижелеріне сәйкес, бастауыш сынып білім алушылары математика пәніндегі көп таңбалы сандармен жұмыс, уақыт өлшемдерін түсіну, геометриялық фигураларды тану және олардың қасиеттерін түсіндіру сияқты тақырыптарда қиындықтарға тап болған. Бұл тақырыптар математикалық абстракция мен логикалық ойлауды қажет ететіндіктен, білім алушыларға бірден игеру оңай емес. Математиканың күрделі тұстарын түсіну үшін білім алушыларға қосымша түсіндіру, көрнекі мысалдар қолдану және жеке жұмыс жүргізу қажет.

Сонымен қатар, тіл мен әдебиет бойынша білім алушылардың негізгі мәселелері мәтінді түсіну, оның негізгі ойын анықтау және синтаксистік

құрылымдарды дұрыс қолдану сияқты дағдылармен байланысты. Білім алушылардың жазбаша және ауызша сөйлеу қабілеттерін дамыту үшін мәтіндермен көп жұмыс істеу қажет, сондай-ақ синтаксистік құрылымдарды дұрыс қолдану дағдыларын дамытуға көңіл бөлінуі тиіс. Сауаттылықтың төмен деңгейі білім алушылардың өз ойларын толық және түсінікті жеткізу қабілеттеріне де әсер етеді, бұл олардың жалпы оқу процесіне теріс әсерін тигізеді.

Жаратылыстану пәнінде білім алушылардың табиғаттағы құбылыстар мен процестерді түсінуі, тірі организмдердің қасиеттерін анықтауда да қиындықтар кездеседі. Бұл тақырыптар көбінесе теориялық білімдерге сүйенеді, ал тәжірибелік сабақтардың жеткіліксіздігі білім алушылардың алған білімдерін нақтылауға және өмірде қолдануға кедергі келтіруі мүмкін. Сондықтан жаратылыстану пәндерін оқытуда тәжірибелік сабақтарға, табиғатты бақылауға және нақты мысалдарды қолдануға көбірек мән беру керек.

«Меңгеруге» қиындық тудыратын тақырыптарды анықтау арқылы білім алушылардың қандай бөлімдерде түсінбеушілікке тап болғанын анықтап қана қоймай, оларға көмек көрсету жолдарын да қарастыруға болады. Бұл үшін оқу процесінде жаңа әдістерді қолданып, білім алушылардың қызығушылығын оятатын түрлі тапсырмалар мен ойын элементтерін қосу тиімді болуы мүмкін. Сонымен қатар, қиындық тудырған тақырыптарды талқылау және оларды бекіту үшін қосымша сабақтар өткізу, білім алушылардың білім деңгейіне қарай жеке тапсырмалар беру сияқты әдістер қолданылуы керек.

Білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингі (бұдан әрі ББЖМ) 4–сыныптарда тестілеу нысанында электрондық форматта, оқыту тілінде үш бағыт (оқу сауаттылығы, математикалық сауаттылық, жаратылыстану–ғылыми сауаттылық) бойынша жүргізіледі.

ББЖМ–2023 оқу сауаттылығы қорытындысы бойынша

ББЖМ шеңберінде тестілеудің осы бағыты бойынша тест міндеті оқу іс–әрекеті процесінде білім алушылардың функционалдық сауаттылық дағдыларын тексеруге бағытталған. Бұл мәтіндегі ақпаратты түсіну, құрылымдау, түсіндіру, талдау, негізгі ойды анықтау және оның негізінде қорытынды жасау қабілетін білдіреді.

Тест тапсырмалары үш қиындық деңгейінде ұсынылады: базалық (тапсырмалардың 30%), орташа (50%) және жоғары (20%). Тапсырмалар тестілеуде қиындығының жоғарылау ретімен орналасады: салыстырмалы қарапайымнан қиынға және қиындық деңгейі жоғары тапсырмаларға. Базалық қиындық деңгейіндегі тапсырмалардың көпшілігінде білім алушыдан не талап етілетіні және тапсырманы орындау үшін мәтіннің қандай фрагменттеріне назар аудару керектігі туралы нақты кеңестер бар. Өз кезегінде, қиындық деңгейі орташа және жоғары деңгейдегі тапсырмалар мәтінді тереңірек түсінуді, ой елегінен өткізуді және жасырын түрде немесе алаңдататын факторлар болған жағдайда берілген ақпаратты іздеуді талап етеді.

Әрбір тест екі мәтіннен тұрады. Бірінші мәтінде 4 тест тапсырмасы бар, мәтіндегі сөз саны 130 сөзден аспайды, екінші мәтінде 6 тест тапсырмасы, мәтіндегі сөз саны 180 сөзден аспайды.

«Оқу сауаттылығы» бойынша тесттердің құрылымы бойынша әрбір тест білім беру мақсатының үш деңгейіне сәйкес 10 тапсырмадан тұрады – «қолдану» үшін 3 тапсырма, «талдау» үшін 5 тапсырма және «синтез» үшін 2 тапсырма. Білім беру мақсаттарының әрбір деңгейі білім алушыларда келесі дағдыларды анықтауға бағытталған: «қолдану» – мәтіннен ақпарат алу, мәтін формасы мен тілінің ерекшеліктерін пайдалана отырып, қорытынды жасай білу; «талдау» – мәтіннен анық ақпаратты алу, сондай-ақ мәтін формасы мен тілінің ерекшеліктерін пайдалана отырып қорытынды жасай алады; «жинақтау» – мәтіннің негізгі мазмұнын түсінеді, мәтін бойынша өз бетінше қорытынды жасай алады, тілдік ерекшеліктерге назар аудара отырып, мәтіннің мазмұнын да, формасын да бағалай алады. Барлығы тестілеу оқу мақсатына сәйкес көркем оқудың 6 тақырыбын қамтыды.

Тестілеуге қатысушылардың жауаптарын оқу сауаттылығы бойынша тапсырмалардың қиындық деңгейлері бойынша талдау тапсырмалардың қиындық деңгейі неғұрлым жоғары болса, олардың орындалу пайызы соғұрлым төмен болатынын көрсетті. Осылайша, дұрыс орындалған сынақтардың ең жоғары үлесі базалық қиындық деңгейіндегі тапсырмалар бойынша белгіленді – 74,5%. Қиындық деңгейі орташа және жоғары деңгейдегі тапсырмаларға келетін болсақ, мұнда орындалу көрсеткіші 19%-дан астам төмен (тиісінше 55,2% және 51,3%). Осылайша, Қазақстандағы 4-сынып білім алушылары мәтіннен анық ақпаратты табу қажет тапсырмаларды дұрыс орындағанына қарамастан, мәтіннің әртүрлі бөліктерінде жасырылған мәліметтерді табуды, мәтіннің мазмұнын мен формасын бағалауды қажет ететін қиынырақ тапсырмаларды орындауда, мәтін, ақпаратты сипаттау және салыстыру үшін қорытынды жасау барысында қиындықтарға тап болады.

Білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингі (ББЖМ) кезінде орта деңгейдегі тапсырмалардың ішінде «Бөлшектер мен пайыздар» және «Есептер» тақырыптары салыстырмалы түрде жақсы орындалғанымен, білім алушылардың 40%–дан астамы бұл тапсырмаларды толық орындай алмаған. «Геометриялық фигуралар және оларды жіктеу» тақырыбы бойынша білім алушылар ең төмен нәтиже көрсеткен (тапсырмалардың тек 39,9%–ы орындалған). Бұл тақырыптар келесі оқыту мақсаттарын қамтиды: 3.3.1.2 геометриялық фигуралардың классификациясы; 3.3.1.4 суретте кескінделген құрастырылған фигуралардың, қоршаған ортадағы жазық фигуралардың периметрін анықтау; 4.3.1.3 тікбұрышты параллелепипед көлемінің формуласын ($V=a \cdot b \cdot c$) қорытып шығару және қолдану; 4.3.1.4 суретте бейнеленген құрама фигуралардың, қоршаған ортадағы жазық фигуралардың ауданын анықтау; 4.1.3.1 кеңістік геометриялық фигураларды атау, көлемді өлшеуге арналған өлшемдер мен құралдарды таңдау, текшелермен (кубиктермен) (1 см^3) өлшеу.

Бұған қоса, «Жиындар және олармен орындалатын амалдар», «Шамалар және өлшем бірліктері» және «Математикалық модельдеу» тақырыптары бойынша тапсырмалардың тек 48%–49%–ы ғана дұрыс орындалған.

Әрбір жоғары деңгейдегі қиын тақырыптар бойынша тапсырмалардың орындалу пайызының төмен болуы («Есептер» – 44,5%, «Математикалық модельдеу» – 46,2%) білім алушылардың бұл тақырыптарда едәуір қиындықтар

сезінетінін көрсетеді. Бұл қиындықтар келесі жағдайлармен байланысты: тапсырмаларды бірнеше қадам арқылы графикалық түрде (кестелер, диаграммалар, сызбалар, алгоритмдер және т.б.) модельдеу; тапсырмаларды шешу кезінде шамалар арасындағы тәуелділікті пайдалану (өнімділік, жұмысқа жұмсалған уақыт, жұмыс / жылдамдық, уақыт, қашықтық); шамалар арасындағы тәуелділікті талдап, шешу, пропорционалды бөлу, екі айырмашылық арқылы белгісіз шаманы табу; қозғалысқа байланысты артта қалу және қуып жету есептерін арифметикалық және алгебралық тәсілдермен шешу. Бұл екі тақырып та оқу бағдарламасының «Математикалық модельдеу» бөліміне жатады.

Жаратылыстану сауаттылығы

Орташа қиындық деңгейіндегі тапсырмалардың ішінде 2022 жылы төртінші сынып білім алушылары «Заттардың түрлері. Ауа. Су» және «Табиғи ресурстар» (тапсырманың орындалуы тиісінше 53,2% және 54%).

Бұл білім алушылардың келесі оқу мақсаттарына жетудегі қиындықтарын көрсетеді: тәжірибелік жоспар бойынша жаңа зат алу, ауаны таза ұстау жолдары мен оны тазарту шараларын ұсыну, табиғаттағы ауа қозғалысы процесін түсіндіру, суды сипаттау. табиғаттағы цикл, кейбір пайдалы қазбалардың (бор, тұз, әк, саз, мұнай, гранит, көмір) қолдану өңірлерін анықтау, картадан Қазақстанның негізгі пайдалы қазбаларының кен орындарын көрсету, т.б.

Тестілеуге қатысушылардың ең үлкен қиындықтарын «Адам» тақырыбы тудырды: ол бойынша тапсырмалардың 47%-дан астамы орындалмады. Төртінші сынып білім алушылары адамның ас қорыту жүйесінің өмір үшін энергия алудағы рөлін сипаттауда қиындықтарға тап болады; тыныс алу жүйесін және оның адам ағзасындағы рөлін сипаттау; қан айналым жүйесін және оның адам ағзасындағы рөлін сипаттау; адам ағзасын аурулар мен инфекциялардан қорғау жолдарын түсіндіру; шығару жүйесін және оның адам ағзасындағы рөлін сипаттау; жүйке жүйесін және оның адам ағзасындағы рөлін сипаттау адам ағзасы және т. б. Айта кету керек, ББЖМ-2022 осы тақырып бойынша орындалған тапсырмалардың үлесі жоғары болды.

Сауалнама және білім жетістіктеріне мониторинг жүргізу нәтижесінде алынған мәліметтер педагогтерге оқу процесін жақсартуға бағытталған нақты шаралар қабылдауға мүмкіндік береді. Әрбір білім алушының жеке қабілеттерін ескеріп, оқу процесін соларға бейімдеу білім беру сапасын арттырудың негізгі құралына айналуы тиіс. Қиындық тудырған тақырыптарды уақытында анықтап, тиісті шаралар қабылдау арқылы білім алушылардың білім деңгейін көтеруге және олардың оқу процесіне деген қызығушылығын арттыруға болады.

Осылайша, сауалнама мен білім жетістіктерін бағалау нәтижелері бастауыш білім беру кезеңіндегі ең өзекті мәселелерді анықтауға көмектеседі. Бұл мәліметтер педагогтер мен білім беру ұйымдарына оқу процесін тиімді басқаруға және әрбір білім алушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқу барысын жетілдіруге мүмкіндік береді. Білім алушылардың «меңгеруге» қиындық тудыратын тақырыптарын уақытында анықтап, оларды шешу жолдарын қарастыру білім беру сапасын арттыруға және білім алушылардың болашақтағы жетістіктеріне негіз қалайтын маңызды фактор болып табылады.

Қорыта айтқанда, бастауыш сыныптардағы «меңгеруге» қиындық тудыратын тақырыптарды анықтау оқыту процесін жақсартудың маңызды қадамы болып табылады. Әр білім алушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру әдістерін бейімдеу және қиындық тудырған тақырыптарды қайта қарастыру арқылы оқу сапасын көтеруге және білім алушылардың білім алуында нәтижеге қол жеткізуге болады.


Бастауыш білім беру кезеңінде пәндер бойынша «меңгеруге» қиындық тудыратын бөлімдер мен тақырыптарды талдау білім беру үдерісін жетілдірудің маңызды бөлігі болып табылады. Бұл талдау білім алушылардың білім деңгейін көтеруге, оқу бағдарламаларын жетілдіруге және оқыту әдістерін жақсартуға бағытталады.

Негізгі орта білім беру пәндері

Еліміздің жалпы білім беретін мектептерінде «Қазақ тілі» пәнін оқытуда меңгеруге қиындық тудыратын тақырыптар мен бөлімдер әртүрлі факторларға байланысты жіктеледі.

Сараптама барысында ҰБТ нәтижелері (2024 жылғы тамыз), 2023 жылғы БЖМ нәтижелері және облыстар мен Астана, Алматы, Шымкент қалаларындағы орта білім мектептерінің қазақ тілі пәнінің мұғалімдерінен алынған сауалнама (2024 жылғы қазан) нәтижелері негізге алынды.

ҰБТ нәтижелері (2024 жылғы тамыз) бойынша игерілу пайызы төмен тақырыптарды атап өтсек (100% мөлшермен есептегенде):



2-сурет. ҰБТ нәтижелері (2024 жылғы тамыз) бойынша игерілу пайызы төмен тақырыптар диаграммасы

Жоғарыдағы мәліметтерге зер салсақ, «Сөз тіркесі. Есімді, етістікті сөз тіркестері, байланысу тәсілдері мен түрлері», «Етістік, салт, сабақты етістіктер, етіс түрлері», «Терминдер, кәсіби сөздер, табу сөздер», «Еліктеу сөздер, оқшау сөздер», «Шылау түрлері» секілді тақырыптар игерілу деңгейі 35 пайыздан

аспайды. Яғни, аталған тақырыптарды түсіну, меңгеру білім алушыларға қиындық тудырған. Ал меңгеруге жеңіл, бірден игерілетін тақырыптарға келсек, олардың қатарына: «Мәтінмен жұмыс» (72%), «Сан есім, мағыналық түрлері, сөйлемдегі қызметі» (69%), «Көнерген сөздер, неологизмдер» (59%) және т.б. тақырыптар жатады.

2023 жылғы ББЖМ нәтижелері бойынша «Оқу сауаттылығы» (9-сынып) саласына қатысты республика мектептері өткен сынақ негізінде білім алушылардың жартысы (17,4 мың қатысушыдан 8,8 мың қатысушы) тест сұрақтарына дұрыс жауап берген. Оның ішінде (қазақ тілін меңгергендер санының басым болғанын атап өтеміз) 19-24 балл алғандар үлесі – 33,1% болса, 1110 білім алушы жоғары 25-30 балды иеленген.

Бұл тест жүйесі ақпаратты түсіну, мәтіннің құрылымдық бөлшектерін бөліп қарастыру, негізгі мағынаны табу, мәтіннің стильдік ерекшелігін анықтау, түрлі дереккөздерден керекті ақпаратты табу және т.б. мәтін құрылымына қатысты тапсырмалардан құралған.

Сондай-ақ, облыстар мен Астана, Алматы, Шымкент қалаларындағы жалпы білім беретін мектептердің қазақ тілі пәні мұғалімдерінен алынған сауалнама (2024 жылғы қазан) нәтижелері де талдауымыздың негізгі нысандарының бірі болды.

2023-2024 оқу жылының қорытындысы бойынша негізгі орта білім беру деңгейінің «Қазақ тілі» оқу пәнінен сыныптар бойынша меңгеруде қиындық тудырған бөлімдерді салыстыра отырып, ортақ қорытынды жасалды.

Нәтижесінде сауалнамаға қатысушылардың басым бөлігі мынадай бөлімдерді меңгеруде қиындық тудырған бөлімдер деп көрсеткен:

– «Саяхат және демалыс. Синтаксис. Төл сөз бен автор сөзінің тыныс белгілері» (5 сынып);

– «Ұлттық және отбасылық құндылықтар. Фонетика. Екпін, оның түрлері» (6 сынып);

– «Музыка өнері және қазақтың киелі домбырасы. Морфология. Етістіктің шақ түрлері» (7 сынып);

– «Жасөспірім және заң. Синтаксис. Сөйлемнің айтылу мақсатына қарай түрлері» (8 сынып);

– «Тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстан. ЭКСПО–2017. Синтаксис. Құрмалас сөйлемнің жасалу жолдары. Құрмалас сөйлемнің түрлері» (9 сынып).

Осылайша, үш дереккөзден алынған мәліметтер бойынша «Қазақ тілі» оқу пәнінен сыныптар бойынша меңгеруде қиындық тудырған бөлімдер мен тақырыптар анықталды.

Сараптама барысында бірқатар проблемаларға тоқталсақ. Ол бойынша мынадай ықтимал мәселелерді атап көрсетуге болады:

1. Грамматика: Қазақ тілінің грамматикалық құрылымын бірден түсіну қиынға соғады. Білім алушылар көп жағдайда септік жүйесін, түбір мен қосымша, сөздердің морфологиялық құрылымын түсінуде қиындықтарға тап болады. Мысалы, зат есімдердің және етістіктердің түрлі формада қолданылуы, сондай-ақ олардың байланыстырушы қызметі жасөспірімдер үшін күрделі болуы

мүмкін. Дегенмен, білім алушының мәтінді тереңірек қарастыру үшін грамматикалық талдау әдісі өзекті рөл атқарады.

2. Лексикалық құрылымдар: Қазақ тіліндегі сөздердің мағынасы мен қолдану аясын меңгеру де қиын. Білім алушылар фразеологизмдер, синонимдер мен антонимдердің мағынасын түсіну барысында кедергілерге тап болады, нәтижесінде сөздік қор мен стилистикалық өзгерістерді қолдану деңгейі төмендейді.

3. Мәтін мен стиль: Әсіресе, шығармашылық жұмыстар жазу кезінде білім алушылардың өз ойын жеткізуі, стильдік айырмашылықтарды түсінуі, сонымен қатар тілдік нормаларды сақтауы қиын болады. Көркем және ғылыми мәтіндерді талдау барысында олардың тілі мен құрылымын дұрыс түсіну қиын болуы мүмкін.

4. Сөйлеу тілі: білім алушылардың сөйлеу дағдыларын дамыту барысында тілдік дағдылар мен тілдің кейбір күрделі тұстарын дұрыс меңгере алмау қиындыққа әкеледі. Көп жағдайда білім алушылар өз ойларын ауызша жеткізуде, пікірталастарға қатысуда немесе айтылым дағдысына қатысты тапсырмаларды орындауда күрмеулі мәселелерге тап болады.

5. Тілдік нормалар: Қазақ тілінің орфографиясы мен пунктуация ережелеріне қатысты түсініктер тиісті дәреже қамтылмай жатады. Қазіргі таңда емлені оқыту да бірте-бірте тысқары қалып барады. Білім алушылар жазба жұмыстарында бұл ережелерді сақтау мәселесінде қиналады. Жазу мәдениетін қалыптастыру үшін грамматика мен орфографияға арналған сабақтар жеткіліксіз болуы мүмкін.

6. Тілге деген қызығушылық: «Қазақ тілі» пәнін оқу мен талдауға деген қызығушылықтың төмендігіне байланысты білім алушылар берілген мәтінді толық түсіну қиындықтарына тап болуы ықтимал. Мәтіндерді талдау барысында олардың әлеуметтік-тарихи контекстерді, автор идеясын түсіну күрделі процесс екені анық.

Осы қиындықтарды талдай келе, оқыту әдістемесінің, оқу бағдарламасының тиімді тұстарына жан-жақты үңіліп, білім алушылардың заманауи қағидаларына сай болуын көздеу маңызды. Білім алушылардың тілге деген қызығушылығын арттыру мақсатында көркем әдебиетпен жұмыс істеу, шығармашылық тапсырмалар орындау, пікірталастар өткізу құптарлық іс. Бұл тәсілдер білім алушылардың қазақ тілін меңгеру деңгейін арттыруға көмектеседі.


Қазақ тілін меңгеру бойынша қордаланған мәселелерді шешу туралы қазіргі таңда «Тілге бойлау» жобасы іске асырылуда. Жоба білім алушылардың топта қазақ тілін қолдану арқылы тиімді қарым-қатынас жасау, тілдік қабілеттерін дамыту, сондай-ақ ұлттық мәдениетті тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Бұл жоба білім алушылардың тілдік қабілеттерін шыңдауға, олардың қазақ тілінде ойлау және сөйлеу дағдыларын дамытуға бағытталған. Сонымен қатар білім алушылардың тілдік дағдыларын жетілдіруде маңызды рөл атқарады.

Оқыту тілі ретінде қазақ тілін үйрету функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға, сөйлеу әрекетінің барлық түрлерінің: тыңдалым (тыңдау), айтылым, оқылым, жазылым дамуын қамтамасыз етуге негізделген.

Еліміздің жалпы орта білім беретін мектептерінде «Қазақ әдебиеті» пәнін оқытуда меңгеруге қиындық тудыратын тақырыптар мен бөлімдер әртүрлі факторларға байланысты жіктеледі.

Сараптама барысында ҰБТ нәтижелері (2024 жылғы тамыз), 2023 жылғы ББЖМ нәтижелері және облыстар мен Астана, Алматы, Шымкент қалаларындағы орта білім беретін мектептердің қазақ әдебиеті мұғалімдерінен алынған сауалнама (2024 жылғы қазан) нәтижелері негізге алынды.

ҰБТ нәтижелері (2024 жылғы тамыз) бойынша игерілу пайызы төмен тақырыптарды атап өтсек (100% мөлшермен есептегенде):



3-сурет. ҰБТ нәтижелері (2024 жылғы тамыз) бойынша игерілу пайызы төмен тақырыптар диаграммасы

Жоғарыдағы статистикаға зер салсақ, Ш.Құсайыновтың «Томирис» драмасы, Ж. Сахиевтің «Дабыл» әңгімесі, А. Сүлейменовтің «Бесатар» повесі, С. Сейфуллиннің «Сыр сандық» өлеңі, А.Байтұрсынұлының «Егіннің бастары», «Адамдық диқаншысы» мысалдары, Ж. Жабаевтың «Зілді бұйрық», Ш. Қанайұлы «Зар Заман» өлеңдері, С. Аронұлы «Сүйінбай мен Қатағанның айтысы», М. Мөңкеұлы «Үш қиян», «Сарыарқа» өлеңдері, Нысанбай жыраудың «Кенесары–Наурызбай» жыры, Дулат Бабатайұлының «О, Ақтан жас, Ақтан жас» өлеңі, Ы.Алтынсарин «Атымтай жомарт», «Қыпшақ Сейітқұл», «Дүние қалай етсең табылады» әңгімелері, І. Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасы, Б. Майлиннің «Шұғаның белгісі» повесі секілді шығармалар игерілу деңгейі 35 пайыздан аспайды. Яғни, аталған тақырыптарды түсіну, меңгеру білім алушыларға қиындық тудырады. Ал меңгеруге жеңіл, бірден игерілетін

тақырыптарға келсек, олардың қатарына: «Қобыланды батыр» жыры, «Қыз Жібек» жыры (58%), Ш.Уәлихановтың «Ыстықкөл күнделігі», С. Торайғыровтың «Шығамын тірі болсам адам болып», «Шәкірт ойы» өлеңдері (52%), М. Өтемісұлының «Махамбеттің Баймағамбетке айтқаны», «Мен, мен, мен едім», «Бағаналы терек» өлеңдері (48%), М. Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасы, М. Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романы, Ғ.Мүсіреповтің «Ұлпан» романы (44%) және т.б. шығармалар жатады.

2023 жылғы ББЖМ нәтижелері «Оқу сауаттылығы» (9-сынып) бойынша тестілеуге қатысты республика мектептерінің педагогтері өткен сынақ негізінде білім алушылардың жартысы (17,4 мың қатысушыдан 8,8 мың қатысушы) тест сұрақтарына дұрыс жауап берген. Оның ішінде (қазақ тілін меңгергендер санының басым болғанын атап өтеміз) 19-24 балл алғандар үлесі – 33,1% болса, 1110 білім алушы жоғары 25-30 балға ие болған.

Сондай-ақ, облыстар мен Астана, Алматы, Шымкент қалаларындағы орта білім мектептерінің қазақ тілі пән педагогтерінен алынған сауалнама (2024 жыл, қазан) нәтижелері де – талдауымыздың негізгі нысандарының бірі болды.

2023-2024 оқу жылының қорытындысы бойынша негізгі орта білім беру деңгейінен «Қазақ әдебиеті» оқу пәнінен сыныптар бойынша меңгеруде қиындық тудырған бөлімдерді салыстыра отырып, ортақ қорытынды жасалды.

Нәтижесінде сауалнамаға қатысушылардың басым бөлігі мынадай бөлімдерді меңгеруде қиындық тудырған бөлімдер ретінде көрсеткен:

– «Таза, мінсіз асыл сөз». «Керқұла атты Кендебай» ертегісі (5-сынып), «Таза, мінсіз асыл сөз». «Қобыланды батыр» жыры (5-сынып)

– «Туған жерім-аялы алтын бесігім». «Алып Ер Тұңға» жыры (6-сынып), «Тәуелсіздік – қасиет тұнған ұлы ұғым». Е.Жүніс «Менің атым – Тәуелсіздік» өлеңі (6-сынып), «Тәуелсіздік–қасиет тұнған ұлы ұғым». А. Алтай Прописка» (6-сынып)

– «Көркем әдебиет және эпикалық сарын». Мұрат Мөңкеұлы «Үш қиян» өлеңі (8-сынып) «Көркем әдебиет және эпикалық сарын». «Сарыарқа» өлеңі (8-сынып)

– «Мәңгілік Ел – мәңгілік мұрат». Н.Айтұлы «Бәйтерек» поэмасы (9-сынып), «Атадан қалған асыл сөз». «Біржан–Сара» айтысы (9-сынып), «Тарихи шындық пен көркемдік шешім». Нысанбай жырау «Кенесары – Наурызбай» (9-сынып).

Осылайша, үш дереккөзден алынған мәліметтер бойынша «Қазақ әдебиеті» оқу пәнінен сыныптар бойынша меңгеруде қиындық тудырған бөлімдер мен тақырыптарды анықтауға болады.

Сараптама барысында бірқатар проблемаларға тоқталсақ. Ол бойынша мынадай ықтимал мәселелерді атап көрсетуге болады:

Қазақстандағы орта білім беру мектебінде Қазақ әдебиеті пәнін оқыту барысында білім алушылар үшін қиындық тудыратын тақырыптар мен бөлімдер бірқатар аспектілермен байланысты. Бұл саланың ерекшеліктерін ескере отырып, келесідей мәселелерді атап көрсетуге болады:

1.Әдебиет тарихы.

Қазақ әдебиетінің тарихын меңгеру білім алушылар үшін қиындық тудырады. Әдеби кезеңдерді дұрыс түсіну, әр кезеңнің ерекшеліктері мен көрнекті тұлғаларын анықтау мәселелері бар.

Себептері мынадай:

- Әдеби кезеңдердің көптігі мен концептілерінің айқын болмауы.
- Тарихи контекстің жеткіліксіз берілуі.

2. Әдеби жанрлар мен стильдер

Әдеби жанрлар (поэзия, проза, драматургия) мен олардың стильдік ерекшеліктерін жіктеу қиындық туғызады.

Себептері мынадай:

- Жанр мен стиль арасындағы айырмашылықтардың күрделілігі.
- Білім алушылардың шығармаларды жанрлық тұрғыда талдай алмауы.

3. Шығармаларды талдау.

Білім алушылардың әдеби шығармаларды жеткілікті деңгейде талдай алмауы, автордың идеясын, шығарманың құрылымын, кейіпкерлердің психологиясын толыққанды түсінбеуі.

– Көркем мәтіндердің терең мәнін түсінуге деген қызығушылықтың төмендігі.

– Шығармадағы символизм, метафора және басқа да көркемдік құралдарды пайдалана алмау.

4. Көпшілікке қайшы келетін мазмұн.

Білім алушылардың әдеби шығармалардағы кейбір әлеуметтік және тарихи контекстерді меңгеруі қиын.

– Әдеби шығармалардың уақыт пен қоғам жағдайларымен байланысты болатын аспектілері туралы жеткілікті білімнің болмауы.

– Тақырыптың күрделілігі, кейде қазіргі заманғы балаларға жат болуы.

5. Қазақ тілі мен әдебиеті

Тілдік байлық пен әдебиет арасындағы байланыс түзілмеген жағдайда білім алушылардың тіл байлығы төмендейді.

– Лексикалық және стилистикалық құралдарды дұрыс пайдаланбаудың әдебиеттегі көрінісі.

– Қолданылмайтын сөздер мен тұжырымдардың көптігі.

6. Шығармашылық жазу және сөйлеу дағдылары

Білім алушылар шығармашылық жұмыстар жазу мен сөйлеу дағдыларын дамытуда қиындықтарға ұшырайды.

– Шығармашылық жазу әдістерін меңгеру деңгейінің төмендігі.

– Тілдік және стилистикалық сауаттылықтың жетіспеушілігі.


Осы мәселелерді шешу үшін оқу процесін әртараптандыру, шығармашылық тапсырмаларды енгізу, педагогикалық әдістерді жаңарту және білім алушылардың қызығушылығын арттыру маңызды. Оқыту барысында интерактивті әдістер, топтық жұмыс, пікірталас және жобамен жұмыс жасау арқылы әдеби білімдерін тереңдетуге және меңгеруге ықпал етуге болады.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша меңгеруге қиындық тудырған бөлімдер мен тақырыптарға салыстырмалы талдау жүргізілді.

Білім алушылардың меңгеруге қиындық тудырған тақырыптарын анықтау үшін мәліметтерді диаграмма немесе кесте түрінде көрсету ыңғайлы.


Зерттеу барысында республика бойынша, яғни облыстар және Астана, Алматы, Шымкент қаласындағы жалпы орта білім беретін мектеп педагогтерінен сауалмана алынды.

Сол сауалнама нәтижесінде меңгеруге қиындық тудырған **бөлімдер бойынша** мынадай мәлімет дайындалды:



4-сурет. Бөлімдер бойынша сауалнама нәтижесі


Диаграммадағы мәліметтер бойынша 5–сыныпта «Ежелгі көшпелілер мәдениеті» бөлімі меңгеруге қиындық тудыратын бөлімдер қатарына кіргенін көруге болады. Бұл мәселеге мәтінде кездесетін көнерген сөз, құрмалас сөйлемдер, күрделі сөз тіркестері әсер етуі мүмкін.



5-сурет. Тақырыптар бойынша диаграмма

Бұл диаграмма білім алушылар үшін қиындық тудыратын негізгі тақырыптарды көрнекі түрде анықтауға мүмкіндік береді. Сауалнама нәтижесіне сүйене келе, «М.Мағауин «Бір атаның балалары» (үзінді)» меңгеруге қиындық тудыратын тақырыптардың қатарына жататынын байқаймыз.

Жинақталған деректерді негізге ала отырып, тақырыптар мен бөлімдерге келесі талдау жасалып, қиындықты шешу жолдары қарастырылды:



6-сурет. «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәніндегі қиындық тудыратын тақырыптар мен бөлімдерге жасалған талдау

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәніндегі қиындық тудыратын тақырыптар мен бөлімдерге жасалған талдау оқыту әдістемесін жетілдіру қажеттілігін көрсетеді. Білім алушылардың мәтінге деген қызығушылығын арттырып, ойлау қабілеттерін дамыту үшін шығармашылық және креативті тәсілдер маңызды. Ұсынылған әдістемелік құралдар педагогтерге білім алушылардың пәнді меңгеру сапасын арттыруға көмектеседі.

Негізгі орта білім беру деңгейінде **«Математика» (5–6–сыныптар), «Алгебра» және «Геометрия» (7–9–сыныптар) пәндері** оқытылады. Аталған пәндердің базалық мазмұны үлгілік оқу бағдарламаларында көрсетілгендей *«Сандар» (сандар және шамалар туралы түсініктер, сандарға амалдар қолдану), «Алгебра» (алгебралық өрнектер және оларды түрлендіру, теңдеулер және теңсіздіктер, олардың жүйелері және жиынтықтары, тізбектер және олардың қосындысы, тригонометрия), «Геометрия» (геометриялық фигуралар туралы түсінік, геометриялық фигуралардың өзара орналасуы, метрикалық қатыстар, векторлар және түрлендірулер), «Статистика және ықтималдықтар*

теориясы» (жиындар теориясы және логика элементтері, комбинаторика негіздері, ықтималдықтар теориясының негіздері, статистика және деректерді талдау), «Математикалық модельдеу және анализ» (математикалық анализ бастамалары, математикалық модельдеудің көмегімен есептер шығару, математикалық тіл және математикалық модель) бөлімдерінен тұрады. Осы бөлімдердің материалдары ішкі және сыртқы бағалау тапсырмаларында қамтылады.

Сондықтан негізгі орта білім беру деңгейінде «Математика», «Алгебра» және «Геометрия» пәндерінен «меңгеруге» қиындық тудыратын бөлімдер мен тақырыптарды анықтау мақсатында 2022 және 2023 жылдары жүргізілген ББЖМ ([МОДО – 2022 RUS 05.08.2024 \(2\).pdf](#); [анализ МОДО–2023 \(1\).pdf](#)), 2022 және 2024 жылдары өткен ҰБТ–ы ([НАО НЦТ Монография–2022 \(1\).pdf](#); [Ұлттық тестілеу орталығы](#)) қорытындылары талданды. Әр талдау нәтижелері «Математика» (5–6–сыныптар), «Алгебра» және «Геометрия» (7–9–сыныптар) пәндеріне арналған үлгілік оқу бағдарламаларының бөлімдері бойынша келтірілген.

1. ББЖМ–2022, ББЖМ–2023

1) «Статистика және ықтималдықтар теориясы» бөлімі. Осы бөлімге берілген базалық деңгейдің тапсырмаларын 2022 жылы білім алушылардың 56,6%–і, 2023 жылы 49,7%–і орындаған. Қиындық туғызған оқыту мақсаттары: 9.3.1.1 комбинаториканың ережелерін білу (қосу және көбейту ережелері); 9.3.1.5 қайталанбайтын орналастыру, алмастыру және теру сандарын есептеу үшін комбинаторика формулаларын қолдана отырып есептер шығару; 9.3.1.6 Ньютон биномы формуласын және оның қасиеттерін білу және қолдану;

2) «Геометриялық фигуралардың өзара орналасуы» бөлімі. Бөлімге берілген орташа деңгейдің тапсырмаларын 2022 жылы білім алушылардың 57,3%–і орындаған болса, 2023 жылы бұл көрсеткіш 15%–ке төмендеп, 42,3%–і құраған. Бұл бөлім бойынша 7.1.2.7 параллель түзулердің қасиеттерін есептер шығаруда қолдану; 7.1.2.10 перпендикуляр түзулердің қасиеттерін білу және қолдану; 9.1.4.14 үшбұрыштар ұқсастығы белгілерін білу және қолдану; 9.1.4.15 тікбұрышты үшбұрыштардың ұқсастығын білу және қолдану; 9.1.3.8 іштей сызылған үшбұрыштың ауданын (– үшбұрыштың қабырғалары, – сырттай сызылған шеңбер радиусы) және сырттай сызылған көпбұрыштың ауданының (мұндағы – іштей сызылған шеңбер радиусы, көпбұрыштың жарты периметрі) формулаларын білу және қолдану; 9.1.3.9 шеңберге іштей немесе сырттай сызылған үшбұрыштардың аудандарын пайдаланып шеңбердің радиусын табу формулаларын білу және қолдану оқыту мақсаттарына берілген есептерді шығару қиындық туғызған;

3) «Векторлар және түрлендірулер» бөлімі. Осы бөлімге берілген базалық деңгейдің тапсырмаларын 2022 жылы білім алушылардың 56,2%–і, ал 2023 жылы орташа деңгейдің тапсырмаларын 40,7%–і орындаған. Қиындық туғызған оқыту мақсаттары: 9.1.4.2 векторларды қосу, векторды санға көбейту

ережелерін білу және қолдану; 9.1.4.6 векторлардың скаляр көбейтіндісін табу; 9.1.3.4 векторлардың скаляр көбейтіндісін және оның қасиеттерін білу және қолдану; 9.1.4.19 векторды есептер шығаруда қолдану;

4) «Математикалық модельдеу және анализ» бөлімі. Бөлімге берілген орташа деңгейдің тапсырмаларын 2022 жылы білім алушылардың 50,1%–і орындаған болса, 2023 жылы базалық деңгейдің тапсырмаларын 59%–і, жоғары деңгейдің тапсырмаларын 41,2%–і орындаған. Талдау нәтижесінде аталған бөлім бойынша *6.5.1.6 мәтінді есептерді сызықтық теңдеулерді құру арқылы шығару; 6.5.1.7 мәтінді есептерді сызықтық теңдеулер жүйелерін құру арқылы шешу; 7.4.2.2 мәтінді есептерді теңдеулер және теңсіздіктер құру арқылы шығару; 7.4.2.3 шаршы мен текшенің сызықтық өлшемдерінің өзгеруіне байланысты олардың ауданы мен көлемі қалай өзгередінін бағалау; 7.4.2.4 екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйесін графиктік тәсілмен шешу; 7.4.1.8 сызықтық функция графиктерінің өзара орналасуы олардың коэффициенттеріне тәуелді болатынын негіздеу; 8.4.2.1 мәтінді есептерді квадрат теңдеулердің көмегімен шешу; 8.4.2.2 мәтінді есептерді бөлшек–рационал теңдеулердің көмегімен шешу, сонымен қатар функция, оның қасиеттерін және графигін қолдану оқыту мақсаттары сәйкес деңгейде меңгермегені анықталды;*

5) «Сандар» бөлімі. Бөлімнің тапсырмаларын орындауда да білім алушыларда қиындықтар болған. Орташа деңгейдің тапсырмаларын 2022 жылы білім алушылардың 53,2%–і орындаған болса, 2023 жылы бұл көрсеткіш 2,2%–ке төмендеп, 51%–і құраған. Атап айтқанда, *7.1.2.2 санның дәрежесі қандай цифрға аяқталатынын анықтау; 7.4.2.1 өте кіші немесе өте үлкен сандармен берілген шамаларға байланысты есептер шығару* оқыту мақсаттарына қатысты тапсырмаларды орындауда қателіктер жіберілген;


б) «Тізбектер» тақырыбы. Тақырыптың жоғары деңгейінің тапсырмаларын 2022 жылы білім алушылардың 54,1%–і орындаған болса, 2023 жылы бұл көрсеткіш 12,5%–ке төмендеп, 41,6%–і құраған. Талдау нәтижесінде аталған бөлім бойынша *5.2.3.2 натурал сандар тізбегінің жеткіліксіз элементтерін табу; 5.2.3.3 натурал сандар тізбегінің заңдылықтарын құрастыру және тізбектерді жазу; 5.2.3.4 бөлшектерден тұратын тізбектердің заңдылықтарын анықтау; 5.2.3.5 бөлшектерден тұратын тізбектердің заңдылықтарын құрастыру және тізбектерді жазу; 7.2.3.1 құрамында дәрежесі бар сандар тізбегінің заңдылығын және жетіспейтін мүшелерін анықтау* оқыту мақсаттары сәйкес деңгейде меңгермегені анықталды;

7) «Жиындар теориясы және логика элементтері» және «Статистика және деректерді талдау» тақырыптары. Тақырыптарға берілген базалық деңгейдің тапсырмаларын 2022 жылы білім алушылардың 56,6%–і орындаған болса, 2023 жылы бұл көрсеткіш 6,9%–ке төмендеп, 49,7%–і құраған. Талдау нәтижесінде аталған бөлім бойынша *5.4.1.5 жиындар арасындағы қатынастардың сипаттамасын анықтау (қиылысатын және қиылыспайтын жиындар); 5.4.3.2*

дөңгелек, сызықтық және бағанды диаграммалар салу; 5.4.3.3 кесте немесе диаграмма түрінде берілген статистикалық ақпаратты алу; 6.4.3.2 статистикалық санды сипаттамаларды есептеу; 7.3.3.7 кесте немесе жиіліктер алқабы түрінде берілген статистикалық ақпаратты талдау; 8.3.3.4 статистикалық кестемен, алқаппен, гистограммамен берілген ақпаратты талдау оқыту мақсаттары сәйкес деңгейде меңгермегені анықталды.

2. ҰБТ–2022 және ҰБТ–2024. Математика.

ҰБТ–дің нәтижелері бойынша Ұлттық тестілеу орталығы әзірлеген тақырыптық талдаудан білім алушылардың 10–сыныпқа дейінгі меңгерген пән мазмұны екі жылдың бөліндісінде салыстырмалы түрде 7–сурет көрсетілген.



7-сурет

ҰБТ-де «Математика» пәнінен тапсырмалары негізгі орта білім беру деңгейінде меңгерілетін математика курсының 11 тақырыбы бойынша құрастырылған (1–сурет). Суретте білім алушылардың осы тақырыптарға

қатысты тапсырмалардың орындауының нәтижелері 2022 және 2024 жылдар бойынша салыстырмалы көрсетілген.

ҰБТ нәтижелерін талдау келесі параметрлер бойынша жасалды:

1) *екі жылда да тапсырмаларды орындау деңгейі 40%–тен төмен болған тақырыптар*: «Тригонометрия», «Тізбектер», «Математикалық анализ бастамалары. Математикалық модельдеудің көмегімен есеп шығару», «Геометриялық фигуралар туралы түсінік. Геометриялық фигуралардың өзара орналасуы», «Метрикалық қатыстар. Векторлар және түрлендірулер»;

2) 2022 жылдың нәтижелерімен салыстырғанда *тапсырмаларын орындау деңгейінің жоғары болған тақырыптар*: «Түбірлерге амалдар қолдану. Санды және әріпті өрнектер. Бүтін және бөлшек өрнектер» (түлектердің 83%–і орындаған және бұл ең жоғарғы көрсеткіш), «Алгебралық өрнектер және түрлендірулер. Формулалар. Қысқаша көбейту формулалары. Бөлшектің дәрежесі. Көпмүшені жіктеу. Алгебралық өрнектерді ықшамдау» (түлектердің 58%–і орындаған);

3) 2022 жылдың нәтижелерімен салыстырғанда *тапсырмаларын орындау деңгейінің төмен болған тақырыптар*: «Метрикалық қатыстар. Векторлар және түрлендірулер», «Геометриялық фигуралар туралы түсінік. Геометриялық фигуралардың өзара орналасуы», «Математикалық анализ бастамалары. Математикалық модельдеудің көмегімен есеп шығару», «Тізбектер», «Тригонометрия», «Абсолют шамалар. Дәрежелерге амалдар қолдану», «Сызықтық теңдеулер. Квадрат теңдеулер. Бөлшек рационал теңдеулер. Екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйесі. Екі айнымалысы бар сызықтық емес теңдеулер жүйесі», «Сызықтық теңсіздіктер жүйесі. Бір айнымалысы бар бөлшек–рационал теңсіздіктер жүйесі. Сызықтық емес теңсіздіктер жүйесі». Бұл тақырыптар бойынша 2024 жылы тапсырмаларды орындай алған түлектер саны 2022 жылмен салыстырған 18%–ке дейін төмендеген.


Сонымен қатар, ҰБТ тапсырмаларының құрамына мектептің математика курсы бойынша құрастырылған контекстік тапсырмаларда енгізілген.

Контекстік тапсырмалар базалық математикалық құзыреттіліктерді тексеруге, негізгі білім мен дағдыларды жаңғыртуға, математикалық модельдерді түсіндіруге, басқа пәндерді оқуда және күнделікті өмірдегі математикалық білім мен дағдыларды тексеруге бағытталған. ҰБТ–дағы «Математика» пәні бойынша тест тапсырмаларының саны – 40, оның ішінде 5 бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмаларынан тұратын бір контекст негізіндегі тапсырма (12,5%). 2022 жылдың қорытындысы бойынша түлектердің 43%–і, 2024 жылы 35,9%–і орындаған. Демек, контекстік тапсырмаларды орындауда да білім алушыларда қиындықтар туындайды.

3. ҰБТ-2024. Математикалық сауаттылық.

ҰБТ–де математикалық сауаттылықтың тапсырмалары «Өзгерістер және тәуелділіктер», «Анықсыздық», «Сандық талқылау», «Кеңістік және форма»

бөлімдері бойынша құрастырылған. Осы бөлімдердің тапсырмаларын түлектердің орындау нәтижесі 8-суретте көрсетілген.



8-сурет. Математикалық сауаттылық бойынша диаграмма

Математикалық сауаттылықтың тапсырмаларын орындау бойынша жасалған талдауға сәйкес үш бөлімінің тапсырмаларын түлектердің 50%-тен астамы, ал «Кеңістік және форма» бөлімінің тапсырмаларын түлектердің 42,81%-і ғана орындаған. Бұл жерде ескере кететін бір жай математикалық сауаттылықты барлық түлектер тапсыратыны. Сонда түлектердің жартысында «Кеңістік және форма» бөлімінің тақырыптарының тапсырмалары қиындық туғызған.

Математикалық сауаттылық бойынша Ұлттық бірыңғай тестілеуге арналған тест спецификациясы бойынша «Кеңістік және форма» бөлімінің тақырыптарына негізгі орта білім беру деңгейінде қарастырылатын келесі тақырыптар жатады: *«Геометриялық мазмұндағы логикалық есептер және геометриялық мазмұндағы стандартты емес тапсырмалар», «Геометриялық фигуралардың периметрі мен ауданының формуласын қолдануға берілген логикалық есептер».*

Жүргізілген талдаулар нәтижесі бойынша негізгі білім беру деңгейіне арналған «Математика» (5–6-сыныптар), «Алгебра» және «Геометрия» (7–9-сыныптар) пәндерінен үлгілік оқу бағдарламаларынан «меңгеруге» қиындық тудыратын келесі бөлімдер мен тақырыптар анықталды:

- 1) тригонометрия;
- 2) тізбектер;
- 3) мәтінді есептерді сызықтық, квадрат, бөлшек–рационал теңдеулер, теңдеулер жүйесі арқылы шығару;
- 4) геометриялық фигуралардың өзара орналасуы;
- 5) векторлар және түрлендірулер;
- 6) функция және оның қасиеттері мен графигін қолдану;
- 7) статистикалық мәліметтерді талдау, сандық сипаттамаларын есептеу, диаграмма, кесте және график арқылы көрсету;
- 8) контекстік есептерді шығару;

9) геометриялық мазмұндағы логикалық есептер және геометриялық мазмұндағы стандартты емес тапсырмалар орындау;

10) геометриялық фигуралардың периметрі мен ауданының формуласын қолдануға берілген логикалық есептерді шығару.

Информатика саласындағы білім заманауи цифрлық сауаттылықтың басым бағыттарының бірі болып табылады. Алайда, информатика педагогтері «менгеруге» қиындық тудыратын тақырыптарды анықтап, білім алушыларға негізгі концепциялар мен практикалық дағдыларды, бағдарламалау және деректермен жұмыс істеуді менгеруге көмектесуі қажет. Осы тақырыптарды игерудегі олқылықтар информатиканы оқыту әдістерін жетілдіруді талап етеді. Спиральдық әдісті қолдана отырып, сыныптан сыныпқа біртіндеп көшуді ескеру маңызды, өйткені оқушылар тақырыптарға күрделенген деңгейде қайта оралады.

«Информатика» пәнін оқыту мәселелерін шешу барысында бұл сала бірнеше пәнді қамтитын ғылымдар жүйесін құрайтынын ескеру керек, мысалы, бағдарламалау, алгоритмдер, деректер базасы, компьютерлік желілер және киберқауіпсіздік. Бұл бөлініс компьютер ғылымы зерттейтін әртүрлі нысандарға негізделген: бір жағынан, логикалық және математикалық құрылымдар, екінші жағынан, ақпаратты өңдеу және беру процестері.

Бағдарламалау информатиканы зерттеудің кіріспе курсы болып саналады. Білім алушы негізгі білімді дәл осы кезеңде алады. Мұнда олар алгоритмдер көмегімен есептерді шешуді, бағдарламалар жазып, оларды реттеуді, айнаымалылармен, циклдармен және функциялармен жұмыс істеуді үйренуі керек. Білім алушының сыни ойлауын дамыту және білімді терең менгеру үшін әр сабақты оқытушы практикалық әрекет арқылы білім алушылармен тығыз қарым-қатынаста өткізуі қажет. Практикалық тапсырмаларды тиімді пайдалану және оларды максималды орындау — жақсы нәтижеге жетудің кепілі. Мысалы, бағдарламалар жасау бойынша қадамдық тапсырмаларды орындау, кодты талдау, сондай-ақ жобаларға қатысу студенттердің материалды жақсы игеруіне көмектеседі.

Информатика пәнінің негізгі және орта мектеп бағдарламаларына жеткіліксіз интеграциясы білім алушыларға технологиялардың қарқынды даму жағдайында цифрлық сауаттылықтың маңыздылығын түсінуге кедергі келтіруі мүмкін. Осыған байланысты «Информатика» пәніне жеке және кеңірек сала ретінде назар аудару қажет. Жаһандық цифрландыру жағдайында информатиканы оқыту жасанды интеллект, машиналық оқыту, үлкен деректерді өңдеу және киберқауіпсіздік сияқты өзекті тақырыптарды қамтуы тиіс.

Информатиканы оқытудың негізгі міндеттеріне мыналар кіреді:

Алгоритмдеу принциптерін, деректер құрылымдарын, желілік технологияларды және киберқауіпсіздікті зерттеу, компьютерлік жүйелер мен бағдарламалардың жұмысын түсінуді дамыту.

Бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеудің заманауи әдістерін қолдануға жағдай жасау, оның ішінде деректер базасымен жұмыс, нысанға бағытталған бағдарламалау және веб-қосымшалар жасау.

Қолданбалы есептерді шешу, жобалық қызмет және практикалық зертханалық жұмыстарға қатысу арқылы білім алушының жүйелі ойлау қабілетін қалыптастыру.

Негізгі мектептің 5,6–сыныбына арналған «**Жаратылыстану**» пәнінің оқу бағдарламасы бастауыш мектептің «Дүниетану, “Жаратылыстану» (1–4–сыныптар) бағдарламасының логикалық жалғасы болып табылады. «Жаратылыстану» пәні – «Химия», «Физика», «Биология», «География» пәндерін одан әрі оқуға негіз болатын кіріктірілген курс, сонымен бірге әлемнің заманауи жаратылыстану ғылыми бейнесі мен жаратылыстану ғылымдарында қолданылатын тәсілдер туралы білімнің негізін қалыптастыруға бағытталған. «Жаратылыстану» пәнінің оқу бағдарламасы зерттеу, ойлау, коммуникативтік дағдылар мен біліктілік негіздерін қалыптастыруға бағытталған:

- болжам құру және оларды тексерудің жолдарын ұсыну, бақылау және эксперименттер барысында нәтижесінде алынған мәліметтер негізінде қорытынды жасау;

- зерттеу сұрақтарын құрастыру және зерттеу жоспарын құру, бақылаулар мен эксперименттер барысында алынған мәліметтерді жинау, сипаттау және бағалау, қорытынды жасау;

- бұқаралық ақпараттық құралдар хабарламаларында, интернет желісі ресурстарында, ғылыми–көпшілік әдебиеттерде ғылыми–жаратылыстану бағытындағы ақпараттармен жұмыс жасау: іздеу әдістерін игеру, ақпараттың мағыналық негізін анықтау және ақпараттың нақтылығын бағалау;

- зерттеу қорытындыларын түрлі формада ұсыну;

- ғылыми–жаратылыстану салаларындағы маңызды жетістіктердің мәнін түсіндіру.

Білім алушылар әлемнің қазіргі ғылыми-жаратылыстану бейнесі туралы және жаратылыстану ғылымында қолданылатын әдістерді білу; қоршаған ортаның әртүрлілігі мен күрделілігін, сондай-ақ табиғи құбылыстар мен үдерістердің өзара байланысын; жанды және жансыз табиғатта болатын табиғи құбылыстар мен үдерістердің себептерін; табиғаттағы нысандар мен үдерістердің әртүрлілігін жүйелеу мүмкіндігін; адамның іс-әрекеттерінің көптеген түрлері үшін жаратылыстану ғылымының маңыздылығын; конструктивті шешім қабылдау үшін қоршаған ортадағы өзгерістердің байланысын және адамның іс-әрекеттерінің экожүйеге әсерін түсіну; ғылыми-жаратылыстану білімдерін күнделікті тіршілікте өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету және табиғи құбылыстарды, заманауи технологияларды сауатты пайдалану, д жанды және жансыз табиғаттағы үдерістердің сипатын, экожүйе компоненттерінің өзара байланысын, адамның іс-әрекетінің қоршаған ортаға әсерін түсіндіру үшін қарапайым эксперименттер мен бақылаулар жүргізу; әртүрлі формада көрсетілген деректерді талдау және интерпретациялау, педагогтің басшылығымен бақылау немесе зерттеулерді жоспарлап, жүргізу; алға қойған мақсатты ескере отырып, мәселені, болжамды тұжырымдау, міндеттерді қойып, оларды шешудің тиімді әдістерін таңдау; эксперименттерді жүргізудің тәсілдерін, зерттеуді бағалау және таңдауынды, үдерістер мен құбылыстардың барысы туралы болжамдарды негіздеу; зерттеу бойынша тиісті

қорытынды жасау және зерттеу нәтижелерін әртүрлі формада ұсыну; тірі жүйелердің құрылымын, жануарлар дүниесіндегі құбылыстар мен үдерістерді түсіндіру үшін сөздік және графикалық модельдер құрастыру тақырыптарында қиындықтар тудырылады. Осы бөлім ішінде 1.2.Зерттеу сұрағы 5.1.1.1 ғылымның қызметтерін адам іс-әрекетінің түрі ретінде анықтау 5.1.2.1 зерттеу сұрағы мен болжамды тұжырымдау білім алушыларға қиындықтар тудырады. 6 сыныпта 6.1.1.1 жаратылыстану ғылымдарының зерттеу нысандарын атау берілген. Осы қарама қайшылықтарды ретке келтіруде пәнаралық негізде және бастауыш сыныптарда алған білім алушы біліміне байланысты.

Әрбір бөлімшенің ішінде бірізділікті сақтай отырып құрастырылған оқу мақсаттары педагогтерге өз жұмысын жоспарлауға және білім алушылардың жетістіктерін бағалауға, сонымен қатар оларға оқудың келесі кезеңдерінен хабардар болуға мүмкіндік береді. сыныпта Жаратылыстану барысында білім алушыларға тудыруы мүмкін бірнеше тақырыпты атап өту :

1. Энергияның түрлері, кинетикалық энергия туралы түсінік білім алушыларға қиындық туғызуы мүмкін.

2. Экосистема түсінігі биоалуантүрлілік биологиялық тепе-теңдік, сияқты ұғымдар.

3. Химиялық формулалар, реакция теңдеулері және арасындағы өзара әрекеттесулер білім алушыларға қиындық тудыруы мүмкін.

Жердің құрылымы мен қозғалысы қабаттары, плиталардың қозғалысы және бұл процестердің салдарын түсіну .

5. Дене мүшелері олардың қызметтері Адам ағза мүшелердің құрылымы мен қызметтерін, физиологиялық процестерді игеруде проблемалар .

6. Табиғи құбылыстар: Ауа райы, климат айналым табиғи құбылысты түсіну мен оларды сипаттау

Білім алушы тақырыпты игеруіне көмектесу үшін оқыту әдістер тәжірибелік зерттеулер және визуализация құралдарын қолдануға ынталандыру қажет.

Қорытындылай келе, ББЖМ–2023 нәтижелері білім алушыларда жаратылыстану сауаттылық дағдыларын дамыту қажеттігін көрсетеді. Пәнаралық деңгейдегі тапсырмаларда байқалған қиындықтарды еңсеру үшін қосымша жұмыстар жүргізу қажет.

Негізгі орта білім беру деңгейінде 7-9-сыныптарда **«Физика» пәні** оқытылады.

«Физика» пәнінің базалық мазмұны үлгілік оқу бағдарламаларында көрсетілгендей 6-бөлімнен «Механика» (кинематика негіздері; динамика негіздері; сақталу заңдары; статика; тербелістер мен толқындар), «Жылу физикасы» (молекула-кинетикалық теория негіздері; термодинамика негіздері), «Электр және магнетизм» (электростатика негіздері; тұрақты электр тогы; магнит өрісі; электромагниттік тербелістер және толқындар), «Оптика» (геометриялық оптика), «Кванттық физика элементтері» (атом және атом ядросының құрылысы; радиоактивтілік; элементар бөлшектер), «Астрономия негіздері» (Жер және ғарыш; астрофизика элементтері; әлемнің қазіргі физикалық бейнесі) тұрады. Осы бөлімдердің материалдары ішкі және сыртқы

бағалау тапсырмаларында қамтылады.

Сондықтан негізгі орта білім беру деңгейінде «Физика» пәнінен «меңгеруге» қиындық тудыратын бөлімдер мен тақырыптарды анықтау мақсатында 2022 және 2023 жылдары жүргізілген ББЖМ ([МОДО – 2022 RUS 05.08.2024 \(2\).pdf](#); [анализ МОДО–2023 \(1\).pdf](#)), 2022 және 2024 жылдары өткен ҰБТ–ы ([Ұлттық тестілеу орталығы](#)) қорытындылары талданды. Әр талдау нәтижелері негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «Физика» пәнінің үлгілік оқу бағдарламаларының бөлімдері бойынша келтірілген.

«Орта білім беру ұйымдарында білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг нәтижелерін кешенді талдаудың (ББЖМ-2023)» Аналитикалық есебінде «Физика» пәнінде 12 тақырып бойынша 8 тапсырма берілген.

Орта білім беру ұйымдарында білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг нәтижелерін «Физика» пәні бойынша тест тапсырмаларын орындау нәтижелерін талдау базалық қиындық деңгейіндегі барлық ұсынылған тақырыптар бойынша білім алушылардың даярлығының төмен деңгейін көрсетті. Сонымен, орындалған тапсырмалардың ең төмен көрсеткіштері «Механика» бөлімінің «Сақталу заңдары» мен «Статика» бөлімшелері бойынша базалық қиындық деңгейіндегі тапсырмалардың орын алған.

«Сақталу заңдары» бөлімшелері бойынша Жетісу облысы 29,5% төмен Түркістан облысы 48,5% жоғары, орташа 41,4% «Статика» бөлімшелері бойынша Жетісу облысы 14,9 % төмен Павлодар облысы 55,6% жоғары, орташа 41,7% көрсеткіш көрсеткен.

«Сақталу заңдары» бөлімшелері бойынша оқу мақсаттары: механикалық жұмыс ұғымының физикалық мағынасын түсіндіру; механикалық энергияның екі түрін ажырату; кинетикалық энергия формуласын есептер шығаруда қолдану; жоғары көтерілген дене үшін потенциалдық энергиясының және серпімді дененің формуласын қолдану; қуат ұғымының физикалық мағынасын түсіндіру; энергияның түрленуіне мысалдар келтіру; механикалық жұмыс пен қуаттың формулаларын есептер шығаруда қолдану; «Статика» бөлімшелері бойынша оқу мақсаттары: «механиканың алтын ережесін» тұжырымдау және қарапайым механизмдердің қолданылуына мысалдар келтіру; күш моменті ұғымының физикалық мағынасын түсіндіру; тепе-теңдікте тұрған денелер үшін күш моменттер ережесін тұжырымдау және есептер шығаруда қолдану; тәжірибеде иіндіктің тепе-теңдік шарттарын анықтау; көлбеу жазықтықтың пайдалы әрекет коэффициентін тәжірибеде анықтау жоғары деңгейде білімінің төмендігін көрсетеді.

Қиындықтың орташа деңгейіндегі тапсырмалар бойынша орындалу пайызы 34%-дан 41,8%-ға дейін өзгереді.

«Геометриялық оптика», «Электр және магнетизм», «Жылу физикасы» тестілеуге қатысушылар үшін физика бойынша оқу бағдарламасының қиын бөлімдері болып шықты. Оқу бағдарламасының осы бөлімдері бойынша білім алушылар ең төмен нәтижелерге қол жеткен: «Оптика бөлімі «Геометриялық оптика» бөлімшесінің оқу мақсаттары Күннің және Айдың тұтылуын графикалық бейнелеу; эксперимент арқылы түсу және шағылу бұрыштарының тәуелділігін анықтау; жазық айнада дененің кескінін алу және оны сипаттау;

дененің кескінін алу үшін сфералық айнада сәуленің жолын салу және алынған кескінді сипаттау; жарықтың сыну заңын пайдаланып есептер шығару; жұқа линза формуласын есептер шығару үшін қолдану; линзаның сызықтық ұлғаю формуласын сандық және графиктік есептер шығару үшін қолдану; жұқа линзада сәуленің жолын салу және кескінге сипаттама беру; көздің алыстан көргіштігі мен жақыннан көргіштігін түзетуді сипаттау, «Электр және магнетизм» бөлімі «магнит өрісі» бөлімшелері оқу мақсаттары магниттердің негізгі қасиеттеріне сипаттама беру және магнит өрісін күш сызықтары арқылы графикалық бейнелеу; магнит өрісінің сипаттамаларын түсіндіру; тогы бар түзу өткізгіштің және соленоидтің айналасында магнит өрісі сызықтарының бағытын анықтау; жолақ магнит пен соленоидтың магнит өрістерін салыстыру; магнит өрісінің тогы бар өткізгішке әсерін сипаттау; электр қозғалтқышының және электр өлшеуіш құралдардың жұмыс істеу принципін түсіндіру; электро магниттік индукция құбылысын түсіндіру; «Жылулық физикасы» бөлімі «Термодинамика негіздері» бөлімшесі оқу мақсаттары дененің ішкі энергиясын өзгерту тәсілдерін сипаттау; жылу берілудің түрлерін салыстыру; техникада және тұрмыста жылу берілу түрлерінің қолданылауына мысалдар келтіру; жылу алмасу процесі кезінде алған немесе берген жылу мөлшерін анықтау; заттың меншікті жылу сыйымдылығының мағынасын түсіндіру; есептерді шешуде отынның жануы кезінде бөлінетін жылу мөлшерінің формуласын қолдану жылу құбылыстарындағы энергияның сақталу және айналу заңын зерттеу; жылулық тепе-теңдік теңдеуін есептер шығаруда қолдану; заттың балқу және қатаю процесі кезіндегі температураның уақытқа тәуелділік графигін талдау; Заттың булану және конденсация үдерісі кезіндегі температураның уақытқа тәуелділік графигін талдау; Меншікті булану жылуын анықтау; Қайнау температурасының сыртқы қысымға тәуелділігін түсіндіру; Термодинамиканың бірінші заңының мағынасын түсіндіру; Термодинамиканың екінші заңының мағынасын түсіндіру; Жылу қозғалтқышының пайдалы әсер коэффициентін анықтауға негізделген қиындықтың орташа деңгейіндегі тапсырмалар білім алушылардың орындай алмауы тоғызыншы сынып білім алушыларына бұл оқу мақсаттарына жету қиынға соғатынын көрсетеді.

Өңірлер бөлінісінде орындалған тапсырмалар үлесінің ең жоғары көрсеткіштері бар өңірлердің көрсеткіштері ең төменгі нәтижелері бар өңірлерге қарағанда 2-3 есе жоғары.

Осы «физика» пәнінен «меңгеруге» қиындық тудыратын бөлімдерге «Оптика», «Электр және магнетизм», «Жылу физикасы» болып шықты.

Қиындықтардың негізгі себептері мыналар болуы мүмкін:

1. Абстрактілі ұғымдар: Аталған бөлімдердегі көптеген физикалық ұғымдар өте абстрактілі және білім алушылардан дамыған абстрактілі ойлауды талап етеді. Мысалы, электромагниттік өріс, интерференция және дифракция сияқты оптикалық құбылыстарды көз алдына елестету қиын болуы мүмкін.

2. Математикалық аппарат: Физикалық есептерді шешу көбінесе білім алушыларда жеткіліксіз қалыптасқан болуы мүмкін математикалық білімдерді қолдануды талап етеді. Әсіресе, тригонометрия, алгебра және дифференциалдық есептеулерге қатысты.

3. Алдыңғы тақырыптар бойынша білімнің әлсіздігі: Бұрын оқытылған негізгі физикалық заңдар мен принциптерді жеткіліксіз түсіну жаңа тақырыптарды игеруді қиындатуы мүмкін.

4. Практикалық бағыттың болмауы: Зерттелетін тақырыптарға байланысты жеткілікті мөлшерде зертханалық жұмыстар мен практикалық тапсырмалардың болмауы білім алушылардың мотивациясын төмендетіп, материалды меңгеруді қиындатуы мүмкін.

5. Оқушылардың жеке ерекшеліктері: Әр түрлі дайындық деңгейі, қызығушылықтары мен қабілеттері білім алушылардың материалды қабылдауына әсер етеді.


«Химия» пәні – қазіргі әлемде білім беру маңызды рөл атқарады және оны дамыту көптеген елдерде басым бағыттардың бірі болып табылады. Алайда, химия педагогтерінің алдында тұрған негізгі мәселелердің бірі – «меңгеруге» қиындық тудыратын тақырыптар – білім алушылар оқу жоспарының басқа тақырыптарымен салыстырғанда төмен нәтиже көрсететін бөлімдер мен тақырыптарды меңгерту. Осы тақырыптарды игерудегі кемшіліктер химияны одан әрі зерттеуге, сондай-ақ кәсіби дайындыққа қажетті STEM дағдыларын дамытуға теріс әсер етуі мүмкін.

«Меңгеруге» қиындық тудыратын тақырыптарды Ұлттық тестілеу орталығының (ҰТО) деректері, PISA сияқты халықаралық зерттеулердің нәтижелері және орта білім беру ұйымдарының білім алушыларының білім жетістіктерін мониторингтеу нәтижелерін кешенді талдау арқылы анықтауға болады. ҰБТ нәтижелері бойынша ҰТО деректері 1-суретте көрсетілген. 2022 жылғы ҰБТ-да «Химия» пәні бойынша тест тапсырмалары 5 бөлімді, 19 тақырыпты қамтыды.

ҰБТ нәтижелеріне сәйкес тапсырмалар ең аз орындалуы келесідей болды: орынбасу реакциясына, тізбектеле жүретін реакция теңдеулері бойынша есептерді шығара білу; реакцияға қатысқан заттардың біреуі артық мөлшерде және құрамында белгілі үлесте қоспалары бар болған жағдайда реакция өнімдерінің зат мөлшерлерін (массалары, көлемдері, бөлшек сандары), теориялық мүмкіндікпен салыстырғандағы реакция өнімінің шығымын пайызбен есептеу; химиялық реакциялардың энтальпиясының өзгеруін есептеуде қолдана білу, энтропияны жүйедегі ретсіздік өлшемі ретінде және Гиббс бос энергиясының өзгерулерін анықтамалық деректер бойынша есептеу; термодинамикалық мәліметтер бойынша реакцияның өздігінен жүруін болжау; электролиз процесінің мәнін білу, электродтардағы электролиз өнімдерін болжау үшін эмпирикалық ережелерді қолдану; элементтердің физикалық және химиялық қасиеттерінің өзгеру заңдылықтарын түсіндіруге көбірек уақыт бөлуі керек.

Республика бойынша жоғары балл жинағандар саны және орташа орындау пайызы
(ҰБТ маусым, 2022 жыл)

Республикалық маңызы бар қалалар және облыстар	Мектептер саны	Жалпы тестіленушілер саны
17	4248	40829



9–сурет. Республика бойынша жоғары балл жинағандар саны және орташа орындау пайызы (ҰБТ маусым, 2022 жыл)

Биылғы жылы ББЖМ еліміздің мектептерінде екінші рет өткізілді. 2022 жылдағыдай мониторингке республиканың білім беру ұйымдарының 25% қатысты. Мониторинг білім алушыларды сауаттылықтың үш бағыты бойынша тестілеуден тұрады: оқу, математикалық және жаратылыстану сауаттылықтары.

2022 жылы 9–сыныптағы жаратылыстану пәні бойынша тест «Химия» пәні бойынша 9 тест тапсырмасын қамтыды, ең қиыны «химиялық тепе–теңдік» тақырыбы болды: осы тақырыптағы тапсырмалардың әр қиындық деңгейі бойынша тек 40%–43% орындалды.

2023 жылы «Химия» пәні бойынша 9 тақырып бойынша 8 тапсырма қарастырылған. «Химия» пәні бойынша 9-сынып білім алушылары барлық қиындық деңгейлеріндегі әр тақырып бойынша тапсырмалардың 50%-дан азын орындады. Орташа деңгейдегі тақырыптардың ішінде қиындықтар «химиялық реакциялардың жіктелуі», «массаның сақталу заңы» және «жер химиясы» ең аз орындалды. Осы тақырыптар бойынша оқушылар тапсырмалардың тек 40%-41% орындады. Жоғары деңгейдегі тапсырмалар «қышқылдар мен негіздер теориясы» тақырыбында ұсынылған. ҚР бойынша осы тақырып бойынша орындалған тапсырмалардың үлесі 44,6% құрады.

Осылайша, зерттеу нәтижелерін талдаудан көрініп тұрғандай, Қазақстанның білім алушылары электрохимия, органикалық химия, термодинамика және химиялық реакция кинетикасы сияқты тақырыптар бойынша «Химия» оқу пәні бойынша тұрақты төмен нәтижелерді көрсетеді. Мұндай тақырыптар көбінесе теориялық тұжырымдамаларды терең түсінуді және оларды практикалық қолдануды талап етеді, бұл білім алушыларға қиындық тудырады. «Меңгеруге» қиындық тудыратын тақырыптар мәселесін

шешу кешенді тәсілді қажет етеді. Жобалық жұмыстарды, виртуалды зертханаларды және біліктілікті арттыру бағдарламаларын енгізу сияқты сәтті бастамалар оң нәтиже көрсетеді, бірақ ол дамуды талап етеді. Оқыту әдістемелерін жақсарту және практикалық сабақтарды өткізу үшін жағдай жасау білім алушылардың үлгерімін арттыру және олардың зерттеу дағдыларын дамыту жолындағы маңызды қадам болады.

Білім алушылардың білім жетістіктері мониторингіне қатысқан орта білім беру ұйымдары білім алушыларының көрсеткіштеріне қарай «Биология» пәнінен білім жетістіктерін бағамдауға болады. Мысалы, 2023 жылғы нәтиже бойынша білім жетістіктері төмендегідей болды.

«Биология» пәні бойынша 9 тақырып бойынша 8 тапсырма қарастырылған.

Қиындықтың базалық деңгейінің дұрыс орындалған тапсырмаларының үлесі.

«Тірі ағзалардың көптүрлілігі», «Ағза мен қоршаған орта» бөлімдері бойынша қиындықтың базалық деңгейінің дұрыс орындалуы 47,5% болды. Бұл бөлімде қарастырылған оқу мақсаттары:

7.3.1.3 қоректік тізбекті және қоректік торларды құру;

7.3.2.1 адам мен экожүйе арасындағы қарым-қатынастарды сипаттау;

7.3.2.3 Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың өсімдіктері мен жануарларын сипаттау;

8.1.1.3 даражарнақты және қосжарнақты өсімдіктер кластарын негізгі белгілеріне қарай ажырату,

8.1.1.4 буынаяқтылар мен хордалы жануарлар кластарын ерекше белгілері бойынша тану;

8.3.2.3 Қазақстан аумағындағы экологиялық проблемалардың туындау себептері мен оларды шешу жолдарын түсіндіру;

9.3.1.1 популяция өсімінің экспоненциалдық және сигмоидтік үлгілерінің қисық сызықтарының графиктерін талдау;

9.3.2.1 пайдалы қазбалар өндірудің және қайта өндірудің қоршаған ортаға әсерін түсіндіру;

9.3.2.2 пестицидтерді пайдаланудың қоршаған орта мен адам денсаулығына әсерін түсіндіру;

9.3.2.3 жылыжай эффектісінің тірі ағзаларға әсерін түсіндіру;

9.3.2.4 озон қабатының бұзылуының себептері мен салдарын түсіндіру.

Қиындықтың орта деңгейіндегі тақырыптарда тоғызыншы сынып оқушыларының ең үлкен қиындығы «Тыныс алу» тақырыбы екені анықталды. Ол бойынша тапсырмалардың шамамен 42% ғана орындалды. «Тыныс алу» бөлімшесі бойынша қарастырылған оқу мақсаттары:

7.1.4.4 омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың тыныс алу мүшелерін салыстыру;

7.1.4.5 адамның тыныс алу мүшелері құрылысының ерекшеліктерін танып білу;

8.1.4.1 өкпе мен ұлпадағы газ алмасу механизмдерін сипаттау;

8.1.4.2 тыныс алу және тыныс шығару механизмін түсіндіру;

8.1.4.3 өкпенің тіршілік сыйымдылығын анықтау және қалыпты жағдайдағы және дененің физикалық жүктемесі кезіндегі тыныс алудың минуттық көлемін анықтау;

9.1.4.1 тыныс алу реакциясының химиялық теңдеуін пайдалана отырып, анаэробты және аэробты тыныс алуды салыстыру,

9.1.4.2 бұлшықет қажуы және аэробты, анаэробты тыныс алу үдерістері арасындағы байланысты қарастыру.

Қиындық деңгейі жоғары тапсырмалардың арасында «Жасушалық биология», «Молекулалық биология» бөлімшелері орындалуы қиын тақырыптардың бірі болып анықталды (орындалған тапсырмалардың 33,7%).

«Жасушалық биология» бөлімшесі бойынша қарастырылған оқу мақсаттары:

7.4.2.1 жасуша, ұлпа, мүше, мүшелер жүйесі ұғымын түсіндіру;

8.4.2.2 прокариот және эукариот жасушаларының құрылысын салыстыру;

9.4.2.1 өсімдік және жануар жасушаларының негізгі бөліктерінің құрылысы мен қызметін түсіндіру.

«Молекулалық биология және биохимия» бөлімшесі бойынша қарастырылған оқу мақсаттары:

8.4.1.2 көмірсулар мен липидтердің биологиялық қызметтерін сипаттау;

8.4.1.3 нәруыздардың қасиеттері мен биологиялық қызметтерін сипаттау.

Географиялық білім – беру жаратылыстану сауаттылығында басым бағыттардың бірі. Бірақта география пәні педагогтерінің – «меңгеруге» қиындық тудыратын тақырыптарды анықтап, бөлімдер мен тақырыптарды меңгерту маңызды. Осы тақырыптарды игерудегі кемшіліктер географияны оқыту әдістемесін жетілдіруді қажет етеді. Шиыршық тәсілін қолдану барысында сыныптан сыныпқа көшкен кезде ескерілетін жағдай.

Географиялық білім міндеттерін шешу барысында қазіргі заманғы география толық ғылымдар жүйесі болып табылатындығы басты назарда болуы керек. Ол екі негізгі тарамдарға – физикалық және экономикалық, әлеуметтік география салаларына бөлінеді. Бұл бөліну география ғылымы зерттейтін объектілердің өз танымынан туындайды, бір жағынан табиғат құбылыстары, екінші жағынан қоғамдық құбылыстар.

Физикалық география – географияны оқытудағы бастапқы курс болып есептеледі. Білім алушы негізгі білімді осы бастапқы курсыңда игереді. Мұнда есептер шығару, картамен жұмыс (координаталар табу), план түсіру, масштаб есептеу, елдерді жаттау, оны картадан табу, номенклатура бәрін де білім алушы толық меңгеріп кетуі тиіс. Осы білім алушының ой-өрісінің дамуына және тиянақты білім алу үшін педагог әрбір география сабағын оқушымен біте қайнасып жатқан сарамандық жүйеде жүргізіп отырса. Жаңа білімді

қалыптастыруда сарамандық жұмыстарды тиімді пайдалану, ондағы берілген тапсырмаларды барынша орындату жақсы нәтиже кепілі. Негізгі және орта мектептің оқу жоспарларындағы пәннің тұрақсыз орналасуы білім алушыларға жаһандану жағдайында адам үшін географиялық кеңістіктің құндылығын толық білуге, Жаһанданған әлемдегі «жауапты, қауіпсіз және толерантты адамның» жаңа рөлін түсінуге мүмкіндік бермейді. Осыған байланысты «География» пәнінің жеке доменін анықтау қажет. Өзара тәуелді жаһандық әлемдік даму жағдайында географиялық білімді жалпылау қазіргі географияның бағыты ретінде геоглобалистика негізінде құрылуы керек.

геоэкологиялық, геосаяси, геоэкономикалық, әлеуметтік үдерістер мен құбылыстарды зерттеу, ғаламдық, аймақтық және жергілікті ұстанымдардың түсінуін дамыту;

3) білім алушыларға картографияны, геоэкологияны, геоэкономиканы, геосаясатты, елтану мен адамзаттың ғаламдық проблемаларын зерттеу барысында геокеңістіктік деректерді өңдеудің заманауи әдістерін қолдану үшін жағдай жасау;

4) білім алушының бойында қазіргі дүниенің географиялық көрінісін іс-әрекеттер арқылы зерттеп-тану барысында құндылықтар жүйесін қалыптастыру;

5) геокеңістіктік әдістер және деректермен жұмыс істейтін мамандық пен кәсіп иелері атқаратын әрекеттерді орындату арқылы кәсіби бағдар беру.

«География» оқу пәнінің мазмұны бойынша күрделі тақырып болып табылады.

Геоинформатика – географиялық ақпараттық жүйелерді ғылыми негіздеу, жобалау, құрастыру, пайдалану және қолдану бойынша, геоақпараттық технологиялар әзірлеу бойынша, практикалық және ғылыми мақсаттарда ГАЖ қосымшасы бойынша ғылым, технология және өндірістік қызмет Геоинформатика ғылым және технология ретінде геожүйелердегі кеңістіктік-уақыттық құбылыстар туралы жаңа ақпарат пен білім алу үшін кеңістікте анықталған (кеңістіктік-Үйлестірілген) деректерді жинау, жинақтау, беру, өңдеу және ұсыну принциптерін, әдістері мен технологияларын зерттейді және әзірлейді.

11.2.2.2 – Қазіргі заманғы ақпараттық кеңістікте географиялық ақпараттық жүйе (ГАЖ) технологияларын қолдану мүмкіндігінің қажеттілігін түсіну

10.2.2.2 – мақсаттың тұжырымдамасы өзгертілді және нақтыланды (күтілетін нәтиже қосылды);

11.2.2.2 – жас ерекшеліктеріне байланысты мақсаттың тұжырымдамасы өзгертілді және толықтырылды (11 сынып білім алушысының жоғары ойлау қабілетін дамыту мақсатын қою қажеттілігі (тек түсіндіру ғана емес ғылымдардың геоақпараттық жүйелермен (ГАЖ) байланысын дәлелдей білу қажет); Педагогтер курстарда білімін жетілдіріп, тақырыптарды менгерте алады.

Мониторинг нәтижесі бойынша негізгі орта білім деңгейінде тапсырмалар қарапайымнан күрделіге қарай мақсаттарға бөлінуі тақырыптарды игеруде қиындық тудырмайды.

Негізгі орта білім беру деңгейінде «Адам және қоғам» саласы бойынша **Қазақстан тарихы» (5–9-сыныптар), «Дүниежүзі тарихы» (5–9-сыныптар),**

«Құқық негіздері» (9–сынып) оқу пәндері оқытылады. Аталған пәндердің базалық мазмұны үлгілік оқу бағдарламаларында бөлімдер арқылы қамтылған.

Базалық мазмұнға сәйкес:

«Қазақстан тарихы» пәні әлеуметтік қатынастардың дамуы, мәдениеттің дамуы, мемлекеттің дамуы, Қазақстанның экономикалық дамуы бөлімдерін;

«Дүниежүзі тарихы» пәні әлеуметтік қатынастардың дамуы, мәдениеттің дамуы мен өзара әрекеттестігі, саяси жүйелердің дамуы мен өзара әрекеттестігі, экономикалық қатынастардың дамуы бөлімдерін;

«Құқық негіздері» пәнінің базалық мазмұны Құқық және мемлекет, Конституциялық құқық, Азаматтық құқық, Еңбек құқығы, Отбасы құқығы, Әкімшілік құқық, Қылмыстық құқық бөлімдерін құрайды.

Негізгі орта білім беру деңгейінде «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» пәндерінен «меңгеруге» қиындық тудыратын бөлімдер мен тақырыптарды анықтау мақсатында 2024 жылы жүргізілген Ұлттық біріңғай тестілеу нәтижелеріне талдау жасалды.


Сонымен қатар «Адам және қоғам» саласы пәндері бойынша «меңгеруге» қиындық тудыратын бөлімдер мен тақырыптарды анықтау мақсатында сандық әдіс бойынша республиканың пән педагогтер арасында жүргізілген сауалнама қорытындылары талданды. Әр талдау нәтижелері Қазақстан тарихы» (5–9–сыныптар), «Дүниежүзі тарихы» (5–9–сыныптар), «Құқық негіздері» (9–сынып) пәндеріне арналған үлгілік оқу бағдарламаларының бөлімдері бойынша келтірілген.

1. *ҰБТ–2024.*

Қазақстан тарихы.

ҰБТ–де «Қазақстан тарихы» пәнінен тест тапсырмалары негізгі орта білім беру деңгейінде пәннің 6 тарауы бойынша 52 тақырып және контекстік тапсырмалар бойынша құрастырылған. Осы тақырыптар бойынша түлектердің тест тапсырмаларын орындау нәтижесі 10–суретте көрсетілген.

«Қазақстан тарихы» пәні бойынша ҰБТ нәтижелері бойынша тақырыптарды игеру пайызы



10-сурет. «Қазақстан тарихы» пәнінен ҰБТ нәтижесі бойынша тақырыптардың игерілуінің пайыздық көрсеткіші

ҰБТ қорытындысы бойынша «Қазақстан тарихы» пәнінен Қазақ Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасының құрылуы, XIII – XV ғасырлардың бірінші жартысындағы Қазақстан, XIX ғ. I жартысындағы қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалыстары тақырыптарының игерілу деңгейі салыстырмалы түрде төмен, бұл тақырыптардың қиын немесе ақпараттық күрделілігінің жоғары екенін көрсетеді. Педагогтерге осы тақырыптарды оқыту әдістерін жақсартуға, қосымша ресурстар мен тапсырмалар беруге назар аудару ұсынылады.

Дүниежүзі тарихы.

ҰБТ-де «Дүниежүзі тарихы» пәнінен тест тапсырмалары негізгі орта білім беру деңгейінде пәннің 13 тарауынан 39 тақырып пен контекстік тапсырмалар бойынша құрастырылған. Осы тақырыптар бойынша тест тапсырмаларын түлектердің орындау нәтижесі төменде 11-суретте көрсетілген.



11-сурет. «Дүниежүзі тарихы» пәнінен ҰБТ нәтижесі бойынша тақырыптардың игерілуінің пайыздық көрсеткіші

ҰБТ қорытындысы бойынша «Дүниежүзі тарихы» пәнінен Ағартушылық идеяларының таралуы, Бірінші дүниежүзілік соғыс қарсаңындағы Қытайдың әлеуметтік–экономикалық және саяси жағдайы, сондай–ақ контекстік тапсырмаларды орындауда тарихи карталар мен схемаларды пайдалану 17,5% білім алушыларға орташа деңгейде қиындық туғызатыны анықталды.


Базалық деңгейдегі тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

Сонымен қатар, ҰБТ тапсырмаларының құрамына «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» пәндері бойынша құрастырылған контекстік тапсырмалар да енгізілген.

Контекстік тапсырмалар негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға және тұжырымдарды негіздеуге негізделген. ҰБТ-дағы «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» пәндерінен контекстік тапсырмалар мазмұны құжаттағы тарих, тарихи тұлғалар, тарихи карталар мен схемаларды қамтиды. 2024 жылдың қорытындысы бойынша түлектер Қазақстан тарихынан тарихи карталар мен схемалар бойынша контекстік тапсырмаларды 40%-ы, Дүниежүзі тарихынан тарихи карталар мен схемалар бойынша контекстік тапсырмаларды 17,5%-ы орындаған. Демек, контекстік тапсырмаларды орындауда да білім алушыларда қиындықтар туындайды.

Негізгі орта білім беру деңгейінде «Адам және қоғам» саласы пәндері бойынша меңгеруде қиындық тудырған бөлімдер мен тақырыптарды анықтау мақсатында сандық әдіс бойынша республиканың пән педагогтер арасында Google Forms арқылы сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға өңірлерден 2177

«Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы», «Құқық негіздері» оқу пәндері бойынша педагогтерге қатысты сурет-12 бар.



12-сурет. Сауалнамаға өңірлер бойынша педагогтердің қатысу көрсеткіші

«Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы», «Құқық негіздері» оқу пәндері бойынша меңгеруде қиындық тудырған бөлімдерді анықтау үшін Үлгілік оқу бағдарламасының Ұзақ мерзімді жоспардағы әр тоқсан бойынша бөлімдері сауалнамада сыныптар бойынша ұсынылды. Респонденттер пән бойынша оқу процесінде жүзеге асыру барысында білім алушыларға меңгеруде қиындық тудырған бөлімдерді көрсеткен. Осы бойынша төмендегідей нәтижелер анықталды. «Қазақстан тарихы» оқу пәні бойынша сауалнама нәтижесі 4-суретте берілген. Бұл диаграммада «Қазақстан тарихы» пәні бойынша педагогтер 5-9 сынып білім алушыларына меңгеруде қиындық туғызатын үлгілік оқу бағдарламасындағы ұзақ мерзімді жоспардағы бөлімдер берілген.



13-сурет. «Қазақстан тарихы» пәнінен меңгеруде қиындық тудырған бөлімдер

«Сауалнама нәтижесіне сәйкес, респонденттер білім алушыларға меңгеруге ең қиын бөлім ретінде 8–сынып бойынша «Қазақстан тоталитарлық жүйе кезеңінде» тақырыбын белгілеген (40,1%). Бұл бөлімнің күрделілігі тоталитарлық жүйенің ерекшеліктерін, саяси репрессиялар, идеология және қоғамға әсерін түсінуді талап етеді, бұл өз кезегінде білім алушыларға түсініп, меңгеруде қиындық туғызады. Ал, 9–сыныпта сауалнама нәтижелері бойынша респонденттердің пікірінше, білім алушыларға меңгеруге қиын бөлім ретінде «Қазақстан «тоқырау» кезеңінде (1965–1985 жылдар)» тақырыбын 22,7%) белгілеген. Бұл кезеңдегі экономикалық және әлеуметтік тоқырау, саяси жағдай және оның халыққа ықпалы күрделі тарихи процестерді қамтиды, сондықтан бұл тақырыпты түсіну де білім алушыларға қиынға соғуы мүмкін. Сондай-ақ 5-сынып бойынша «Қазақстандағы ежелгі адамдар» бөлімін 23,9% белгілеген, яғни 396 респондент жауабына сәйкес білім алушыларға осы бөлімді меңгеру қиын болғаны анықталды. Осылайша, сауалнама нәтижелері педагогтер үшін оқу бағдарламасындағы кейбір бөлімдерге қосымша назар аударуды және оқыту әдістемесін жетілдіруді қажет ететінін көрсетеді.

«Дүниежүзі тарихы» оқу пәні бойынша сауалнама нәтижесі 2-суретте берілген. Диаграмма бойынша «Дүниежүзі тарихы» пәнінен 5–9 сынып білім алушыларына меңгеруде қиындық туғызатын үлгілік оқу бағдарламасындағы ұзақ мерзімді жоспардағы бөлімдер берілген (14-сурет).



14-сурет. «Дүниежүзі тарихы» пәнінен меңгеруде қиындық тудырған бөлімдер

Сауалнама нәтижелеріне сәйкес, респонденттердің пікірінше, 5-сыныпта білім алушыларға меңгеруге ең қиын бөлім – «Дәуірлер кезеңіндегі Рим» тақырыбы (28,8%). Ал, 6-сынып білім алушыларына 6-бөлім: XIV ғасыр – XVI ғасырдағы кезеңдер бөлімін 670 респондент (39%) пікірінше қиындық туғызған тақырыптар ретінде анықталды. 7-сынып бойынша 4-бөлім: Француз буржуазиялық революциясы (25,8%) респонденттердің пікірінше меңгеруге қиындық туғызады. 8-сыныптың сауалнама нәтижелеріне сәйкес, білім алушыларға ең қиын деп танылған 6-бөлім: Еуропа елдеріндегі тоталитарлық режимдер – бұл бөлімді 514 респонденттің (30,9%) пікірінше меңгеруге күрделі деп санайды. 9-сынып бойынша Екі полюсті әлемнен көп полюсті әлемге өту тақырыбын респонденттердің 24,2%-ы аталған 4-бөлімді білім алушыларға меңгеру қиындық туғызатындығын атап көрсеткен.

Негізгі орта білім беру деңгейіндегі «Құқық негіздері» пәнін оқытуда 2023-2024 оқу жылының қорытындысы бойынша меңгеруге қиындық тудыратын және «меңгеруге» қиындық тудыратын бөлімдер мен тақырыптар Республиканың тарих және құқық негіздері пәні педагогтерінен алынған сауалнама нәтижесіне жүргізілген талдау бойынша анықталды.

Негізгі орта білім беру деңгейіндегі «Құқық негіздері» оқу пәнінен меңгеруде қиындық тудырған бөлімдер ретінде сауалнамаға қатысушылардың басым бөлігі мынадай бөлімдер мен бөлімшелерді белгілеген. Сауалнама нәтижесі 15-суретте көрсетілген



15-сурет. Сауалнама нәтижесі

9-сыныпқа арналған «Құқық негіздері» оқу пәні бойынша талдау нәтижесіне сәйкес респонденттердің көп бөлігі, яғни 30,3%-ы білім алушылар

үшін «Конституциялық құқық» бөлімінің «Мемлекеттік органдардың конституциялық құрылысы» бөлімшесін меңгеру қиын болғанын көрсетеді. Сонымен қатар, респонденттердің 24,9%-ның жауабына сәйкес оқу процесінде «Қылмыстық құқық» бөлімінің «Жазалау мен гуманизм мәселесі» бөлімшесін меңгеру де қиындық туғызатыны анықталды.

Осыған сәйкес *Мемлекеттік органдардың қызметі қандай?* тақырыбы мен 9.2.2.1 Конституция негізінде мемлекеттік органдардың қызметтерін анықтап, салыстыру оқыту мақсаты; *Мемлекеттік органдардың құрылуында сайлаудың маңызы мен рөлі қандай?* тақырыбы мен 9.2.2.2 мемлекеттік органдардың құрылуындағы сайлаудың маңызы мен ролін анықтау оқыту мақсаттары оқыту мақсаттары сәйкес деңгейде меңгермегені анықталды.

Сонымен қатар *Қылмыстық құқықта гуманизм қағидасы қажет пе?* тақырыбына сәйкес 9.7.4.1 қылмыстық құқықтағы гуманизм қағидасына баға беру секілді оқыту мақсатын білім алушылардың меңгеру деңгейі де төмен болғанын байқауға болады.

Сауалнама нәтижесіне сәйкес меңгеруге жеңіл тақырыптар ретінде Отбасы мүшелерінің құқығы, Меншік құқығы, Еңбек жағдайлары, Еңбек шарты, Еңбекті қорғау, Отбасының қоғамдағы маңызы тақырыптары анықталды.

Сонымен аталған талдау бойынша пән мазмұнын меңгеруге дұрыс бағыт беру мақсатында оқу процесіне күнделікті өмірде кездесетін құқықтық жағдаяттарды талдауға арналған тапсырмаларды енгізу, пәннің практикалық бағыттылығын арттыруға негізделген әдіс-тәсілдерді қолдану, жаңарту және білім алушылардың қызығушылығын арттыру маңызды. Оқыту барысында интерактивті әдістер, топтық жұмыс, рөлдік ойындар, кейс әдістері пікірталас және жобамен жұмыс жасау арқылы құқықтық білімдерін тереңдетуге және меңгеруге әсер етуге болады.

2. БАСТАУЫШ ЖӘНЕ НЕГІЗГІ ОРТА БІЛІМ БЕРУ ПӘНДЕРІ БОЙЫНША «МЕҢГЕРІЛМЕГЕН» БӨЛІМДЕР МЕН ТАҚЫРЫПТАРДЫ ЗЕРДЕЛЕУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

Бастауыш білім беру пәндері

2–сынып білім алушыларының күрделі тақырыптарды игеруін жеңілдету үшін төмендегі әдістемелік ұсынымдар ұсынылады. Әр тақырып бойынша нақты, қызықты әдістерді қолдану білім алушылардың танымдық қабілеттерін арттырып, **қазақ тіліне деген** қызығушылығын оятуға көмектеседі.

1. Тіл және сөйлеу, диалог және монолог

Түсіндіру тәсілдері: Бұл тақырыптарды игеруде диалогтар мен монологтар арқылы ойын білдіруді үйрету үшін білім алушыларға рөлдік ойындар ұйымдастырған жөн. Мысалы, әртүрлі кейіпкерлердің рөлін алып, бір–бірімен сұхбаттасу тапсырмаларын беру арқылы тілдік дағдыларды дамыту.

Сабақ барысында диалог құрастыру: Қарапайым мысалдармен диалог құрастыруға үйретіп, білім алушыларға монолог арқылы өз ойларын анық жеткізуге мүмкіндік беру.

2. Дыбыстар және әріптердің айтылуы мен жазылуы (У, И, Й, Я, Ю)

3. Шартты операторлар мен циклдерге кіріспе

Мақсат: білім алушыларға қайталанатын әрекеттер мен шарттарды қолдану құралдарын беру.

Қадамдар:

Шартты операторлар (if/else): Мысал: санның жұп немесе тақ екенін тексеретін бағдарлама.

```
python
Копировать код
num = int(input(«Сан енгізіңіз: «))
if num % 2 == 0:
    print(«Жұп сан»)
else:
    print(«Тақ сан»)
```

Циклдер (for/while): Мысал: 1–ден 10–ға дейінгі сандардың қосындысын табу бағдарламасы.

```
python
Копировать код
total = 0

for i in range(1, 11):
    total += i

print(f»Қосынды: {total}»)
```

Ұсыныс: Циклдер мен шарттар арқылы шешілетін бірнеше тапсырмалар беріп, білім алушыларға тәжірибе жасауға мүмкіндік беріңіз.

4. Функциялармен жұмыс

Мақсат: Код құрылымын жақсарту, оны түсінікті және қайта қолдануға ыңғайлы ету үшін функциялардың маңыздылығын көрсету.

Қадамдар:

Функция құру: Мысал: санның жұп немесе тақ екенін тексеретін функция.

```
python
```

```
Копировать код
```

```
def is_even(num):  
    return num % 2 == 0
```

Күрделі тапсырмаларды шешу үшін функцияларды қолдану: Мысал: тізімдегі максималды санды табатын функция.

```
python
```

```
Копировать код
```

```
def find_max(numbers):  
    max_num = numbers[0]
```

```
    for num in numbers:  
        if num > max_num:  
            max_num = num
```

```
    return max_num
```

Ұсыныс: Функциялар тапсырмаларды бөліп қарауға және күрделі бағдарламаларды жазуды жеңілдетуге көмектесетінін баса айтыңыз.

5. Сұрыптау алгоритмдерімен практикалық жұмыс

Мақсат: Негізгі сұрыптау алгоритмдерін үйреніп, оларды Python тілінде жүзеге асыру.

Қадамдар:

Мысал: көпіршікті сұрыптау әдісі: Алгоритмнің жұмыс принципін түсіндіріңіз: көрші элементтерді салыстырып, дұрыс емес ретте тұрса, оларды ауыстыру.

Код:

```
python
```

```
Копировать код
```

```
def bubble_sort(arr):  
    n = len(arr)  
  
    for i in range(n):  
        for j in range(0, n-i-1):  
            if arr[j] > arr[j+1]:  
                arr[j], arr[j+1] = arr[j+1], arr[j]  
    return arr
```

Практика: білім алушыларға қолмен деректер енгізіп, сұрыптау алгоритмін жүзеге асыруды тапсырыңыз, содан кейін алгоритмді басқа жағдайларға бейімдеуді сұраңыз.

Ұсыныс: Сұрыптаулардың жұмысын көрсету үшін визуализацияны (мысалы, элементтердің қозғалысын көрсететін графиктерді) қолданыңыз.

6. Практика арқылы білімді бекіту

Мақсат: Алгоритмдік ойлауды бекіту үшін тапсырмалар сериясын орындау.

Тапсырма мысалдары: Циклдер бойынша тапсырма: тізімдегі барлық жұп сандардың қосындысын табу. Функциялар қолдану тапсырмасы: санның факториалын табатын функция жазу.

```
python
Копировать код
def factorial(n):
    result = 1
    for i in range(2, n+1):
        result *= i
    return result
```

Ұсыныс: білім алушыларға түрлі күрделіліктегі тапсырмаларды беріңіз. Күрделі тапсырмаларды шешу үшін топпен жұмыс жасауға мүмкіндік беріңіз.

7. Сабақтарды өткізуге арналған ұсыныстар

Сабақты қысқаша теориялық бөлімнен бастап, оны мысалдармен бекітіңіз. Тапсырмаларды біртіндеп күрделендіріп, жаңа ұғымдарды біртіндеп енгізіңіз. Интерактивті тапсырмаларды қосып, білім алушылар бағдарламаны орындағаннан кейін нәтижесін бірден көре алатындай етіңіз. Тұрақты түрде рефлексия жүргізіңіз: білім алушылардан қандай қиындықтар болғанын және олардың шешімін қалай жақсартуға болатынын талқылаңыз.

«Жаратылыстану» пәнінің мазмұны география, биология, химия және физика пәндерінің мақсаттарын ескере отырып, шиыршық тәсілімен құрылды, сондықтан 5-6 сыныптар үшін жаратылыстану курсы өтпелі кезенді білдіреді. Педагогтер үшін бірнеше ұсынымдар:

Мазмұнды талдау. Оқу бағдарламаларын зерттеп, қандай бөлімдер мен тақырыптардың қиын немесе ескіргенін анықтаңыз. Бұл тақырыптардың білім алушыларға неге қиындық тудыратындығын түсініңіз: қызығушылықтың жоқтығы, қабылдаудың қиындығы, өзектілігің жетіспеушілігі.

Білімді актуализациялау. Оқылатын тақырыптарды қазіргі ғылыми жетістіктермен және қоғамның алдында тұрған нақты проблемалармен байланыстырыңыз. Тақырыптардың өзектілігін көрсететін өмірлік мысалдарды талқылаңыз (экология, жаңа технологиялар және т.б.).

Интерактивті оқыту әдістері. Белсенді оқыту формаларын пайдаланыңыз: талқылаулар, топтық жобалар, зерттеулер, рөлдік ойындарды қолдану және шешім қабылдау және проблемаларды шешу процесіне тарту.

Жобалық тапсырмаларды әзірлеу. Білім алушыларға зерттелетін тақырыптарға арналған жобаларды әзірлеу. Бұл постерлер, видеороликтер немесе презентациялар жасау болуы мүмкін. Жобалар экологиялық мәселелер, тарихи зерттеулер, технологиялар мен олардың табиғатқа әсері туралы болуы мүмкін.

Технологияларды пайдалану. Мультимедиялық ресурстарды, интерактивті қосымшаларды және онлайн-курстарды енгізу. Google Classroom сияқты бірлескен жұмыс платформаларын пайдаланып, талқылаулар мен бірлескен жобаларды ұйымдастырыңыз.

Мәселеге бағдарланған оқыту. Нақты мәселелерге негізделген оқу тапсырмаларын қарастыру, оқылатын тақырыптарға қызығушылықты арттыру. Білім алушылардың жағдайларды талдап, шешімдер табуы үшін кейс-методтарды әзірлеу.

Пәнаралық байланыстар. Жаратылыстану мен басқа пәндер арасындағы байланыстарды көрсетіңіз (математика, тарих, география, экология). Тақырыптарды кешенді зерттеуге мүмкіндік беретін пәнаралық жобаларды жасау.

Зерттеу дағдыларын қалыптастыру. Білім алушыларды ғылыми зерттеудің негіздеріне үйретіңіз: сұрақтарды құрастыру, гипотезаларды әзірлеу, деректерді жинау және талдау. Білім алушылар эксперименттер мен бақылаулар жүргізе алатын практикалық сабақтарды қосу. Жұмыс форматтарының әртүрлілігі

Жұмыстың әртүрлі форматтарын пайдаланыңыз: жеке тапсырмалар, топтық жұмыстар, жобалық зерттеулер. Бұл білім алушылардың түрлі оқу стильдері мен қызығушылықтарын қанағаттандыруға көмектеседі.

Кері байланыс және өзін-өзі бағалау. Білім алушыларға олардың жұмыстары бойынша тұрақты кері байланыс беріңіз. Білім алушылардың жетістіктерін және жақсартуға болатын салаларын түсінуі үшін өзін-өзі бағалау элементтерін енгізіңіз.

Қолдау және мотивация. Білім алушылар өз ойларын еркін білдіріп, сұрақ қоюға болатын қолдау атмосферасын жасаңыз. Оларды табысты жобалардың, ғылымдағы жетістіктердің және қоғамдағы позитивті мысалдар арқылы дамыту.

«Физика» пәні – білім берудегі маңызды пәндердің бірі. Орта білім беру ұйымдарында білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг нәтижелерін кешенді талдауда (ББЖМ-2023)» «Геометриялық оптика», «Электр және магнетизм», «Жылу физикасы» бөлімдері бойынша физика пәнінен өткізілген тестілеу нәтижелері осы тақырыптардың білім алушылар үшін қиын екенін көрсетті.

Бұл қиындықтың себебі бірнеше факторлармен байланысты болуы мүмкін:

- Абстрактілі ұғымдар: Сәуле, сыну, шағылу, линза, айна сияқты ұғымдар білім алушылар үшін абстрактілі болып көрінуі мүмкін.

- Математикалық аппарат: Геометриялық құрылымдарды, тригонометриялық функцияларды қолдану, электр және магнит өрістерін сипаттау үшін математикалық аппаратты пайдалану білім алушыларға қиындық тудыруы мүмкін.

- Басқа физика бөлімдерімен байланыс: Бұл тақырыптар басқа физика бөлімдерімен тығыз байланысты (мысалы, толқындық оптика, кванттық физика, электромагнетизм).

- Визуализацияның жетіспеушілігі: Абстрактілі ұғымдарды визуалды түрде көрсетудің қиындығы.

Мәселені шешу жолдары:

1. Визуализацияны күшейту:

- Интерактивті модельдер мен симуляторларды пайдалану.
- Демонстрациялық тәжірибелер жүргізу.

○ білім алушылардың өздерінің қарапайым тәжірибелер жасауына мүмкіндік беру.

2. Математикалық аппаратты жеңілдету:

○ Бастапқы кезеңде қарапайым математикалық модельдерді пайдалану.

○ Материалды игеру барысында біртіндеп күрделендіру.

○ Физикалық мағынаға баса назар аудару.

3. *Басқа пәндермен байланыстыру:*

○ Математика, химия сияқты басқа пәндермен байланыстыру.

○ Күнделікті өмірдегі мысалдарды келтіру.

4. *Жеке тұлғаға бағытталған оқыту:*

○ Қиындыққа тап болған білім алушылармен жеке жұмыс істеу.

○ Әртүрлі бақылау түрлерін қолдану (тесттер, практикалық жұмыстар, жобалар).

білім алушылардың мотивациясын арттыру:

○ Қызықты тапсырмалар мен жобалар ұсыну.

○ Физикалық олимпиадалар мен байқауларға қатысуға шақыру.

○ Сыныпта оң атмосфера қалыптастыру.

5. *Педагогтермен жұмыс:*

○ Педагогтердің біліктілігін арттыруға бағытталған семинарлар мен тренингтер өткізу.

○ Педагогтер арасындағы тәжірибе алмасуды ұйымдастыру.

Әрбір тақырып бойынша нақты ұсыныстар:

• *Геометриялық оптика:* Оптикалық құралдарды (линза, айна) пайдаланып тәжірибелер жүргізу, оптикалық схемалар құру, бейнелердің құрылуын талдау.

• *Электр және магнетизм:* Электр тізбектерін құру, электр қозғалтқыштар мен генераторлардың жұмысын зерттеу, магнит өрістерін зерттеу.

• *Жылу физикасы:* Жылу берілу процестерін зерттеу, жылу двигательдерін зерттеу, компьютерлік симуляцияларды пайдалану.

Физика пәні бойынша білім алушылардың жетістіктерін арттыру үшін күрделі және жан-жақты тәсіл қажет. Бұл тәсіл оқыту әдістерін жетілдірумен қатар, білім алушылардың мотивациясын арттыруға және олардың жеке ерекшеліктерін ескеруге бағытталуы тиіс.

Физика пәніне білім алушылардың қызығушылығын арттыру – қазіргі заманғы педагогтің басты міндеттерінің бірі. Осы мақсатқа жету үшін келесі стратегияларды қолдануға болады:

Қызықты және тартымды оқу ортасын құру:

• *Күнделікті өмірмен байланыстыру:* Физикалық заңдардың күнделікті өмірде, технологияда, табиғатта қалай көрініс табатынын көрсетіңіз. Спорт, өнер, тарих мысалдарын пайдаланыңыз.

• *Тәжірибелік тапсырмалар мен эксперименттер:* білім алушыларға өздері тәжірибе жасауға, құбылыстарды зерттеуге мүмкіндік беріңіз. Бұл оларға

физиканы абстрактілі ғылым емес, қоршаған әлемді түсіну құралы ретінде қарауға көмектеседі.

- *Жобалық жұмыстар:* Физикалық білімді қолдануды талап ететін нақты мәселелермен байланысты жобалар ұсыныңыз.

- *Заманауи технологияларды пайдалану:* Интерактивті тақталар, симуляторлар, онлайн-лабораториялар оқу процесін қызықтыра түседі.

Практикалық жұмыстар физика пәніне деген білім алушылардың қызығушылығын арттырудың тиімді әдістерінің бірі болып табылады.

«Геометриялық оптика», «Электр және магнетизм», «Жылу физикасы» сияқты тақырыптарды оқытуда мынадай практикалық және жобалық тапсырмаларды қолдануға болады:

- *Геометриялық оптика*

- Жай оптикалық құралдар жасау: Қолда бар материалдардан жинағыш және шашыратқыш линзалар жасау, перископ, калейдоскоп жасау.

- Линзалар мен айналарды зерттеу: Линзалар мен айналардың қасиеттерін зерттеу, олардағы бейнелерді салу, қарапайым оптикалық жүйелерді жасау (мысалы, проектор).

- Фотосуретке түсіру және сурет өңдеу: Фотоаппараттың жұмыс істеу принципін зерттеу, әртүрлі объективтермен тәжірибе жасау, физикалық принциптерді түсіндіре отырып, фотоколлаж жасау.

- *Электр және магнетизм*

- Электр тізбектерін құрастыру: Әртүрлі электр тізбектерін құрастыру, кернеу мен токты өлшеу, Ом заңын зерттеу.

- Магнит өрістерін зерттеу: Электромагнит жасау, магниттердің өзара әрекеттесуін зерттеу, қарапайым электр қозғалтқыштарын жасау.

- Электрондық құрылғыларды жобалау және жасау: Қарапайым электрондық схемаларды жасау (мысалы, жарықдиодты шам, дыбыстық сигнал бергіш).

- *Жылу физикасы*

- Жылу берілуді зерттеу: Әртүрлі материалдардың жылу өткізгіштігіне тәжірибе жасау, конвекция мен сәулеленуді зерттеу, жылу оқшаулау үлгілерін жасау.

- Жылу двигательдерін зерттеу: Бу машинасы немесе іштен жану қозғалтқышының үлгілерін жасау.

- Фазалық ауысуларды зерттеу: Заттардың еруі мен кристалдануына тәжірибе жасау, қайнау температурасының қысымға тәуелділігін зерттеу.

- *Жоба мысалдары:*

- Күн батареясын жасау: Күн батареяларының жұмыс істеу принципін зерттеу, макет жасау және оның тиімділігін өлшеу.

- Энергия тиімді үй жобалау: Жылу оқшаулау және энергия үнемдеу принциптерін ескере отырып, үй жобасын әзірлеу.

- Музыкалық аспап жасау: Музыкалық аспаптардың физикалық жұмыс істеу принципін зерттеу және өз музыкалық аспабыңызды жасау.

«Химия» – білім алушылар үшін оқуы қиын пәндердің бірі, сондықтан оқу процесін ыңғайлы әрі өнімді ету қажеттілігі туындайды. Химияда білім

алушылардың игеруінде үлкен қиындықтар тудыратын тақырыптар жиі кездеседі. Бұл «меңгеруге» қиындық тудыратын тақырыптар педагогтің ерекше назарын, инновациялық әдістерді қолдануды және сараланған тәсілді қажет етеді. Күрделі тақырыптарды түсінуді және сәтті игеруді жақсарту үшін келесі тәсілдерді қолдану маңызды:

– белсенді оқыту әдістерін пайдалану: топтық тапсырмалар, пікірталастар, зертханалық тәжірибелер мен жобалық жұмыстар, олар сыни ойлау мен зерттеушілік дағдыларды дамытуға ықпал етеді.

– химиялық процестерді модельдеу симуляторлар мен интерактивті бағдарламалар арқылы жүзеге асырылады, бұл білім алушыларға абстрактілі және күрделі процестерді жақсы түсінуге мүмкіндік береді (мысалы, реакция симуляторлары немесе виртуалды зертханалар). Химиялық реакциялар симуляторлары білім алушыларға күрделі химиялық процестерді виртуалды тәжірибелер арқылы түсінуге көмектеседі. Себебі, көрнекілік оқыту процесінің тиімділігін арттыруда негізгі рөл атқарады. Визуализация оқыту процесінің тиімділігін арттыруда негізгі рөл атқарады.

Визуализация – ақпаратты графикалық түрде көрсету тәсілі. Оны пайдалану педагогикалық міндеттерді қолжетімді түрде орындауға мүмкіндік береді. Ақпараттың көзбен қабылдануы оны қолданудың тиімділігін айқындайды. Оқу материалын визуализациялаудың негізгі құралдарына инфографика мен виртуалды зертханаларды жатқызуға болады.

Визуализация тәсілдерін қолданудың негізгі ережелерін атап өтуге болады:

- визуализация объектілері сабақтың 2-3 негізгі сәтін қамтуы керек;
- тандалған визуализация тәсілдері сабақтың тақырыбы мен мақсатына нақты сәйкес болуы тиіс;
- жоғары өнімділікке қол жеткізу үшін уақытты тиімді басқару қажет;
- қарапайымдылық пен көрнекілік арасындағы тепе-теңдікті сақтау;
- білім алушыларды алдын-ала дайындап, дәстүрлі сабақтарға визуалды ақпаратты енгізу;
- білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескеру;
- демонстрациялық объектілер білім алушыларға қолайлы өлшемде, түсте және басқа да көрнекі сипаттамаларда болуы керек;
- көзбен көретін құралдарды басқа оқыту құралдарымен үйлестіру қолдау табады;
- білім алушылардың пікірін ескеріп, олардың сабақтағы белсенділігін ынталандыру қажет.

– Термодинамика немесе кинетика сияқты тақырыптарды түсіндіру үшін физика және математика бойынша білімдерді пайдалану. Бұл **білім** алушыларға пәндер арасындағы өзара байланысты көруге және күрделі химиялық ұғымдарды жақсырақ түсінуге мүмкіндік береді.

– Сабақтарға шынайы жағдайларда білімді қолдануға арналған тапсырмаларды қосу, бұл білім алушыларға тақырыптың маңыздылығын және оның практикалық мәнін жақсы түсінуге көмектеседі. Мысалы, жану

реакциясындағы энергия өзгерістерін есептеу немесе заттың тұрақты құрамы заңын өмірде қолдануға қатысты есептерді шешу.

– Қалыптастырушы бағалау және кері байланыс. Қалыптастырушы бағалауды жүйелі түрде жүргізу педагогге білім алушылардың жетістіктерін бақылауға және оқу процесін дер кезінде түзетуге мүмкіндік береді.

Химиядағы күрделі тақырыптарды оқып-үйрену педагог мен білім алушылардың мұқият дайындығын және ерекше тәсілді қажет етеді. Белсенді оқыту әдістерін, цифрлық технологияларды және пәнаралық тәсілді қолдану материалды меңгеру сапасын айтарлықтай жақсарта алады. Осы бөлімдердегі қиындықтарды сәтті еңсеру білім алушылардың терең білімін және болашақта оқу мен өмірде қажет болатын зерттеу дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді.

«Биология» пәні

Биология саласындағы білім сапасын арттыру қызығушылықты арттыратын және түсінуді тереңдететін көптеген қызықты, практикалық және тиімді оқыту әдістерін қажет етеді.

Биологияны оқыту процесінде дұрыс және бұрыс жауаптарды негіздеу, қажетті дәлелдер келтіру, биологиялық білімді практикалық жағдайларда қолдану дағдыларын қалыптастыруға назар аудару қажет.

Білім алушылар орындауда қиналатын тақырыптар мен тапсырма түрлеріне ерекше назар аудару керек, мысалы биологиялық заңдарды талдау, органикалық әлемнің эволюциясы мен экологиялық заңдылықтары бойынша білімді жаңа жағдайда жалпылау және қолдану.

Биологияны оқыту процесінде ілім алушыларға қиындық туғызатын келесі тақырыптарды зерттеуге жеткілікті уақыт бөлген жөн:

Биосфера, экожүйе, популяция; жасушаның құрамындағы органикалық заттар; мономерлер мен полимерлер арасындағы айырмашылық; Анаэробты және аэробты тыны салу үдерістерін химиялық реакция теңдеулерін қолданып қарастыру т.б.

Білім сапасын жақсарту үшін оқытудың көптеген тиімді әдістері бар. Олардың кейбіреулеріне мысалдар келтірейік.

Жобалау әдісі – бұл білім алушыларға ғылыми зерттеу дағдыларын дамытып, пәнді тереңірек меңгеруге көмектесетін тиімді тәсіл. Жобалау әдісі арқылы білім алушылар өз бетінше жұмыс істеп, зерттеу тақырыбы бойынша идеялар ұсынуды, тәжірибелер жүргізуді және нәтижелерді талдауды үйренеді.

Ұсыныс үшін жобалық жұмыстарды ұйымдастыруға арналған бірнеше идеялар берілген:

- жергілікті экожүйені зерттеу
- экологиялық мониторинг
- табиғаттағы зат айналымын модельдеу
- әртүрлі экожүйелердегі қоректік тізбектерді салыстырмалы зерттеу
- бейорганикалық тыңайтқыштардың өсімдіктердің өсуі мен дамуына әсері және т. б.

Тақырып қарастырылып отырған мәселенің ең пікірталас аспектілерін қозғайтын өзекті, қызықты, пайдалы болуы керек.

Биологиядағы жобалау-зерттеу қызметі білім алушылардың сыни ойлау және талдау дағдыларын дамытады, бұл экологиялық және биологиялық білімді тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

«География» пәні міндеттерін шешу барысында қазіргі заманғы география толық ғылымдар жүйесі болып табылатындығы басты назарда болуы керек. Ол екі негізгі тарамдарға – физикалық және экономикалық, әлеуметтік география салаларына бөлінеді. Бұл бөліну география ғылымы зерттейтін объектілердің өз танымынан туындайды, бір жағынан табиғат құбылыстары, екінші жағынан қоғамдық құбылыстар.

7-9 сынып география бағдарламаларында бөлімдердің бірдей болуы қиын тақырыптарды оқуда мақсаттарды шешуге, күтілетін нәтижелерге тікелей байланысты.

10-11 сынып география бағдарламасы экономикалық және әлеуметтік география қоғамдық ғылымдар анықтаған заңдылықтарға негізделген қоғамдық құбылыстарды зерттеуге байланысты зерттеу аумақтарының, географиялық ерекшеліктерін, теориялық зерттеулер мен ғылыми түсініктер жүйесін қамтуды және дидактикалық өңдеу міндеттерін қойып отыр.

Негізгі және орта мектептің оқу жоспарларындағы пәннің тұрақсыз орналасуы білім алушыларға жаһандану жағдайында адам үшін географиялық кеңістіктің құндылығын толық білуге, Жаһанданған әлемдегі «жауапты, қауіпсіз және толерантты адамның» жаңа рөлін түсінуге мүмкіндік бермейді. Осыған байланысты «География» пәнінің жеке доменін анықтау қажет. Географияны оқытуда толық кешенді тәсілді жүзеге асыру қарастырылуға тиісті. География ғылымында физикалық және экономикалық және әлеуметтік географияға дәстүрлі бөлінуден синтезделген ғылымға бетбұрыс болғанымен, мектеп географиясында география ғылымының екі саласы арасында мағыналы алшақтық болады. Өзара тәуелді жаһандық әлемдік даму жағдайында географиялық білімді жалпылау қазіргі географияның негізгі бағыты ретінде геоглобалистика негізінде құрылуы керек.

Бүгінгі таңда географияның 10-11 мектеп курстарында болашақ білім алушылардың картографиялық, геоэкологиялық, геоэкономикалық, сауаттылығын қалыптастыруға ықпал етуге арналған тұрақты даму үшін білім беру тұжырымдамасы кеңінен қолданылмады. Бейіндік оқыту жағдайында географиялық білім қазіргі әлемде пайдалану үшін өмірлік маңызы бар интеллектуалды өнімге айналуы мақсатында бағдарлама құрылды. Осы пәнге байланысты мақсаттар жүйесіне баса назар аударылады. Географиялық білімнің жоғары сапасын ғана емес, сонымен қатар кәсіби қызметке дайындықты қалыптастыруда үлкен рөл атқаруы керек. Білім алушының сапалы географиялық дайындығы оның болашақ кәсіби икемділігі, кәсіби өмір бойы ұтқырлығы үшін негіз болып табылады.

Қоғамдық гуманитарлық бағыт мақсаттар жүйесі қысқартылған нұсқада берілуі типтік оқу бағдарламалары бойынша гуманитарлық бағыт таңдағандарға сай қарастырылған.

Сондай-ақ оқытудың әдістемелері мен педагогикалық технологиялары негізінде қазіргі білім алушылардың жас ерекшеліктеріне, қажеттіліктері мен

мүдделеріне сәйкес келтіру, оның ішінде оқу пәнін тереңдетіп оқытуды (бейіндік оқытуды) ұйымдастыру үшін қажет

«Қазақстан тарихы» пәні бойынша ұсыныстар бірнеше мәселелерді қамтиды.

Әдістемелік ұсынымдардың бірінші бөлімінде жасалған талдаулар нәтижесінде анықталған «меңгеруге» қиындық тудыратын бөлімдер мен тақырыптарды алдағы уақытта игеру барысында келесі жағдайларға назар аудару ұсынылады:

Талдау нәтижелері барысында 5–сынып бойынша «Қазақстандағы ежелгі адамдар» бөлімі мен Ерте көшпенділер мәдениеті қиын тақырыптардың бірі болып табылады. 5–сынып жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу материалын барынша жеңіл әрі түсінікті түрде оқыту ұсынылады. Тарихи фактілер мен оқиғаларды нақты, қызықты етіп жеткізу үшін қысқа және қызықты әңгімелер, аңыздар мен мифтерді әңгіме түрінде қолдану ұсынылады. Қазақстан тарихы пәнінен тарихи әңгімелер мен аңыздар – білім алушыларға ұлттық тарихымызды қызықты және әсерлі түрде жеткізудің таптырмас құралы. Педагог Қазақстанның бай көшпенділік мәдениеті туралы айта отырып, балаларға ата-бабаларының өмір салтын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Мысалы, «Көшпенділердің ғажайып әлемі» тарихи әңгіме құрастыру ұсынылады. Педагог тарихи әңгімені білім алушыларға түсінікті тілмен баяндап, әсерлі жеткізеді. Тарихи әңгімені тыңдай отырып, білім алушылар көшпенділер мәдениетінің байлығын, олардың табиғатпен үйлесімді өмір сүргенін, салт-дәстүрлерінің ерекшеліктерін түсіне бастайды.

Әңгіме арқылы 5–сынып білім алушыларына Қазақстандағы ерте көшпенділердің мәдениеті, тұрмысы және дәстүрлері туралы нақты ақпарат беріледі. Бұл оларға өз халқына қатысты тарихи фактілерді түсінуге көмектеседі.

6–сыныпта XIII – XV ғасырлардың бірінші жартысындағы Қазақстан және XVI – XVII ғасырлардағы экономика мен мәдениет бөлімдері бойынша теориялық оқу материалға қосымша білім алушылардың қызығушылығын ояту мақсатында аталған бөлімдер бойынша қысқаша ақпарат беріп, сол кезеңдегі маңызды оқиғалар мен тарихи тұлғаларды цифрлық ресурстар арқылы таныстыру ұсынылады. Мысалы, Қыпшақ хандығы, орта ғасырлардағы сауда мен қала мәдениеті, Ұлы Жібек жолының тарихи маңызы, Түркі мәдениетінің әлемдік өркениеттің дамуына қосқан үлесі, Түркі әлемінің көрнекті ойшылдары, Әмір Темір, Жошы ұлысының рөлі, Сығанақ, Түркістан сияқты қалалардың маңызы туралы әңгімелеу, білім алушыларға орта ғасырлардағы тарихи мұраларды, мәдениет пен өнер туындыларын зерделеу үшін музей-сабақтарын ұйымдастыру ұсынылады. Өлкетану материалдарын кіріктіру мен музей сабақтары білім алушылардың танымдық белсенділігін арттырып, тарихқа қызығушылықтарын оятады. Орта ғасырлар кезеңі бойынша сабақта музей экспонаттарын, суреттерін, видеоконтенттерді қолдану мүмкіндіктері білім алушыларды сол кезеңді шынайы өмірмен байланыстыра отырып сезінуге көмектеседі.

7–сынып бойынша Отарлау және ұлт-азаттық күрес, Қазақстан Ресей империясының құрамында, XIX ғасыр – XX ғасырдың басындағы Қазақстан

бөлімі де елеулі қиындық туғызатыны анықталды. Визуализация және графикалық материалдар — тарихи ақпаратты білім алушыларға түсіндірудің тиімді тәсілдері. Олардың көмегімен Ресей империясының Қазақстандағы отарлау кезеңі мен ұлт–азаттық күресті нақты, көзбен көріп, қабылдауға болады. Ресей империясының отарлау картасын әзірлеу, Қазақстанның картасына Ресей империясының Қазақстанды отарлау кезеңіндегі негізгі аймақтары, мысалы, Омбы, Семей, Ақмола, Жетісу, және басқа қалалардың орналасуын көрсететін белгілер мен түсініктемелер қосу тәсілдері білім алушылардың тарихи оқиғаларды нақты терең түсінуіне ықпал етеді. Картаның көмегімен білім алушылар Ресей империясының Қазақстанды отарлау кезеңіндегі географиялық кеңістігін және оның қандай аймақтарды қамтығанын нақты көре алады. Бұл контексті түсіну тарихи оқиғаларды жақсы меңгеруге көмектеседі. Картаның түсіндірмесінде отарлау саясатымен байланысты жылдарды, оқиғаларды немесе отарлау мақсаттарын түсіндіріп, жазбаша материал қосу ұсынылады.

8-сынып бойынша «Қазақстан тоталитарлық жүйе кезеңінде» бөлімі бойынша Қазақстандағы Кеңес үкіметінің орнығуы, Қазақ Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасының құрылуы тақырыптары меңгеруге қиындық туғызады, себебі аталған тақырыптар терең тарихи контексті және саяси–әлеуметтік өзгерістерді қамтиды. Білім алушыларға Қазақстандағы Кеңес үкіметінің орнығу себептері мен нәтижелері туралы ақпарат бере отырып, бұл кезеңдегі саяси жағдай, экономикалық және әлеуметтік өзгерістерді тарихи, деректі фильмдер арқылы түсіндіру ұсынылады.

Сауалнама қорытындысы бойынша 9-сыныпта Қазақстан «тоқырау» кезеңінде (1965–1985 жылдар)» бөлімі қиындық туғызатыны анықталды. Білім алушыларға бұл кезеңді жеңіл әрі қызықты етіп түсіндіру үшін тарихи контексті анықтау, зерттеу сұрақтарына жауап беруде деректерді талдау ұсынылады. 1965–1985 жылдардағы Қазақстанның өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы саласындағы өзгерістерді талдау үшін нақты статистикалық деректерді қарастыру ұсынылады. «Қазақстандағы «тоқырау» жылдарының әлеуметтік–экономикалық аспектілері» тақырыбында топтық презентация тапсырмасын беру ұсынылады. Білім алушылар 3-4 адамнан тұратын топтарда жұмыс істеп, әлеуметтік, экономикалық және саяси өзгерістерді баяндайтын презентация дайындайды. Осылайша білім алушылар деректерді талдау арқылы, 1965–1985 жылдардағы Қазақстанның өнеркәсіп және ауыл шаруашылығындағы өзгерістерді, бір жағынан, экономикалық даму мен өндіріс көлемінің өсуімен сипатталса, екінші жағынан, жоспарлау жүйесіндегі кемшіліктер мен әлеуметтік–экономикалық қиындықтармен талданатын болады. Осы статистикалық деректерді талдай отырып, білім алушылар «тоқырау» кезеңінің нақты себептерін түсініп, оның ұлттық мүдделер мен әлеуметтік–экономикалық ахуалға әсерін зерттей алады.

«Дүниежүзі тарихы» оқу пәні бойынша да түйіткілді мәселелер бар. Әдістемелік ұсынымдардың бірінші бөлімінде жасалған талдаулар нәтижесінде анықталған меңгеруге қиындық туғызатын бөлімдер мен тақырыптарды алдағы уақытта игеру барысында келесі жағдайларға назар аудару ұсынылады:

5–сыныпта ҰБТ қорытындысы бойынша *Терімшілер-аңшылардан бастап егіншілер мен мал өсірушілерге дейін* бөлімі, ал сауалнама нәтижесі бойынша *Дәуірлер кезеңіндегі Рим* бөлімі білім алушыларға меңгеруге қиындық туғызатыны анықталды.

1–бөлім «Терімшілер–аңшылардан бастап егіншілер мен мал өсірушілерге дейін» бөлімде алғашқы адамдардың пайда болуынан бастап олардың тұрмыс салтын, кәсіптері мен шаруашылық түрлерін (терімшілік, аңшылық, балық аулау, егіншілік, мал шаруашылығы, металл өңдеу, айырбас сауда) сипаттаумен қатар, «неолиттік төңкеріс», оның мәнін ашу және экономикалық ілгерілеуді түсіну үшін иемденуші шаруашылықтан өндіруші шаруашылыққа өту үдерісін түсіндіру ежелгі дүние тарихы кезеңіндегі ең күрделі тақырыптардың бірі болып табылады. Педагогтің міндеті – адам өмірінің барлық салаларындағы түбегейлі өзгерістерді көрсету, оларды логикалық тұрғыда: шаруашылықтағы өзгерістерден бастап әлеуметтік-саяси өзгерістерге дейінгі бағытта қарастыру ұсынылады.

6– сыныпта сауалнама нәтижесі бойынша *XIV ғасыр – XVI ғасырдағы кезеңдер мен Абсолютизм: Батыс пен Шығыс* бөлімдері білім алушыларға меңгеруге қиындық туғызатыны анықталды. 6. 3. 1. 6 «*парламент*», «*Бас штаттар*», «*сейм*», «*кортес*», «*Боярлар Думасы*» ұғымдарын түсіндіру оқыту мақсаты бойынша визуализация тәсілі арқылы түсініктерді есте сақтау бойынша тапсырмалар құрастыру ұсынылады. Мысалы, әр білім алушыға «Тарихи түсініктерді сипаттайтын постер жасау» тапсырмасын беруге болады, постерде әр терминнің негізгі сипаттары мен суреттері болуы тиіс. Бұл тапсырма білім алушылардың креативтілігін дамытып, әр тарихи түсінікті тереңірек зерттеуге мүмкіндік береді.

7 – сыныпта сауалнама нәтижесі бойынша *Француз буржуазиялық революциясы, Революциялық идеялардың XIX ғасырдағы Еуропаға әсері* бөлімдері, ал ҰБТ қорытындысы бойынша *Ағартушылық идеяларының таралуы және XIX ғасырдағы Ресейдегі қоғамдық–саяси ойдың дамуы* бөлімдері білім алушыларға меңгеруге қиындық туғызатыны анықталды.

Ағартушылық идеяларының таралуы бөлімі бойынша білім алушылар Ағартушылық дәуірдің қандай идеялары еуропалық монархтардың қызметінде көрініс тапты? зерттеу сұрақтары бойынша қоғамда дін рөлінің шектелуіне байланысты адамдар өмірінде орын алған өзгерістерді анықтайды; Ағартушылық идеялар американдықтарға қалай әсер етті? Зерттеу сұрақтары бойынша ағартушылық дәуір идеяларының қоғамдық дамуға ықпалын анықтайды.

8–сыныптың сауалнама нәтижелеріне сәйкес, «*Еуропа елдеріндегі тоталитарлық режимдер*», «*Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Азия елдері*» бөлімдері, ал ҰБТ қорытындысы бойынша *Бірінші дүниежүзілік соғыс қарсаңындағы Қытайдың әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайы* тақырыбы білім алушыларға меңгеруге қиындық туғызатыны анықталды.

Қарастырылып отырған кезең бойынша педагог әр сабақта зерттеу сұрақтары бойынша проблемалық жағдай туғызу көзделеді, осылайша зерттеу сұрағы тұжырымдалады, оған білім алушылар ресурстарды зерделей отырып

жауап бере алады. Оқыту барысында педагог білім алушылардың назарын жана тарих курсы мазмұнының негізгі ерекшеліктеріне аударуы керек: осы тарихи кезеңнің қайшылықтары, қоғамда болған және болып жатқан өзгерістер, олардың жаһандық сипаты. Бұл ерекшеліктер педагогке білім алушылар бұрыннан білетін тарихи фактілерге сүйене отырып, себеп-салдарлық байланыстарды — тарихи оқиғалардың өзара байланысын, олардың қайталануын, әлеуметтік процестер мен құбылыстардың заңдылығын анықтауға бағытталған жұмыс құруға мүмкіндік береді.

Еуропа елдеріндегі тоталитарлық режимдер бөлімі бойынша тоталитаризмнің негізгі белгілерін және оның мәнін ашып, білім алушыларға салыстырмалы сипаттаманы (кесте түрінде) қолдана отырып, оның айрықша ерекшеліктерін көрсету ұсынылады. Демократиялық және тоталитарлық режимдерді талқылау алдында білім алушыларға саяси режим ұғымының мәнін еске түсіріп, тұжырымдауды ұсыну қажет. Тоталитаризмнің мәнін салыстыру, анықтау және тұжырымдау арқылы білім алушылар тоталитарлық режимнің негізгі деп санайтын белгісін (немесе бірнеше белгілерін) атайды. Бұл тәсілдер білім алушылардың сыни ойлау қабілетін дамытуға, саяси режимдерді тереңірек түсінуге, және оларды өзара салыстыруға мүмкіндік береді.

Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Азия елдері бөлімі бойынша тарихи кезеңдердің ерекшеліктерін салыстыру арқылы мемлекет пен діннің өзара қатынасын сипаттау бойынша салыстырмалы кестелерді қолдану ұсынылады. Сондай-ақ, тоталитаризм, әміршіл-әкімшіл жүйе сияқты саяси режимдердің қалыптасу алғышарттары мен тарихын қосымша әдебиеттер арқылы түсіндіру ұсынылады.

9-сыныпта сауалнама нәтижесі бойынша *Екі полюсті әлемнен көп полюсті әлемге өту бөлімі болса, сауалнаманың да, ҰБТ қорытындысы бойынша да ХХ ғасырдың екінші жартысындағы Азия елдерінің даму ерекшеліктері* бөлімі білім алушыларға меңгеруге қиындық туғызатыны анықталды.

Екі полюсті әлемнен көп полюсті әлемге бөлімі бойынша тарихи фактілер мен картаға сүйене отырып, әскери-саяси одақтар НАТО және ВШҰ-ның қарсылығын сипаттау, «қырғи қабақ соғыстан» кейін әлемдегі интеграциялық және дезинтеграциялық процестерді айқындау, аймақтық шиеленістердің себептері мен салдарын тұжырымдау оқыту мақсаттарын меңгертуде білім алушыларға

ХХ ғасырдың екінші жартысындағы Азия елдерінің даму ерекшеліктері бөлімі бойынша себеп-салдарлық байланыстарды талдау арқылы социалистік шаруашылық жүйесінің дамуындағы қарама-қайшылықтарды анықтау, экономикалық жүйелердің тиімділігін интерпретациялау және негіздеу, Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттерінің қарқынды экономикалық дамуына ықпал ететін негізгі факторларды талдау, қазіргі қоғамдық-саяси мәселелерді түсіну және интерпретациялау үшін дін туралы білімдерін пайдалану және тарихи процестің сабақтастығын орнату арқылы адамзаттың өркениетті даму жолдарын қалыптастырудағы әлемдік діндердің рөлін анықтау бойынша тапсырмаларды орындату ұсынылады.

Танымдық іс-әрекетті ұйымдастырудың тағы бір нұсқасы білім алушылардың «1945–1950 жылдардың басындағы «қырғи қабақ соғыстың» бастаулары мен көріністері» тақырыбындағы хабарламалар әзірлеп, постер жасау ұсынылады. Білім алушыларға алдын-ала тапсырма оқулық ақпаратын және қосымша тарихи әдебиеттерді қолдана отырып, 1945–1950 жылдардың басындағы (жеке немесе топтық) халықаралық қатынастардың маңызды оқиғалары туралы хабарлама-постер дайындауды ұсынуға болады. Бұл тәсіл білім алушыларды тарихи деректерді қолдануға, өткен мен қазіргі арасындағы байланыстарды іздеуге, және тарихи оқиғаларға қатысты өз көзқарастарын дәлелдеуге баулиды. Нәтижесінде, олар тек қана деректерді игеріп қоймай, тарихи құбылыстарға өзіндік көзқарастарын қалыптастырады, бұл олардың білімді әрі сыни көзқарасты азамат болып өсуіне ықпал етеді.

Пән бойынша ҰБТ қорытындысы бойынша білім алушылар тарихи карталар мен схемалар бойынша тапсырмаларды орындауда қиындық туғызылғаны анықталды. Білім алушылардың тарихи карталардың (диаграммалардың), кестелердің, диаграммалардың, графиктердің немесе суреттерге толықтырулардың құрамдас бөліктері болып табылатын тұтас мәтіндермен (жазбаша тарихи дереккөздер, тарихшылардың жазбалары, тарих оқулықтары және т.б.) және тұтас емес мәтіндермен жұмысты ұйымдастыру арқылы семантикалық оқу дағдысын (функционалдық оқу сауаттылығы) дамыту үшін тапсырмалар құрастыру ұсынылады.

Педагогтерге тиімді оқыту тәсілдерін қолдана отырып, білім алушыларға тарихи картамен жұмысты жандандыру ұсынылады: контурлық картадағы тапсырмаларды атласты, қабырға картасын қолдана отырып орындау; картадан аңызға енгізілген белгілерді көрсету, тарихи картадан мемлекеттің шекараларын, шайқас орындарын, көтеріліс аймақтарын және т. б. көрсету және сипаттау; мемлекеттің геосаяси жағдайын сипаттау; салыстыру 2-3 дәуір карталары, көрген өзгерістер негізінде аумақтық және саяси өзгерістердің сипаты туралы қорытынды жасау және т. б. Сабақта білім алушылардың картографиялық дағдыларын дамытуға байланысты тапсырмаларды мүмкіндігінше қолдану ұсынылады.

«Құқық негіздері» оқу пәні бойынша әдістемелік ұсынымдарды әзірлеудің тетіктері көп.

Әдістемелік ұсынымдардың бірінші бөлімінде жасалған талдаулар нәтижесінде анықталған «меңгеруге» қиындық тудыратын бөлімдер мен тақырыптарды алдағы уақытта игеру барысында келесі жағдайларға назар аудару ұсынылады.

Мемлекеттік органдардың конституциялық құрылысы бөлімшесі: Оқу процесінде Мемлекеттік органдардың қызметі қандай? тақырыбы аясында 9.2.2.1 Конституция негізінде мемлекеттік органдардың қызметтерін анықтап, салыстыру оқыту мақсатын жүзеге асыруда алдымен, мемлекеттік органдар, Президент, Парламент, Үкімет, өзін-өзі басқару, өкілетті органдар қызметін тірек схемалар негізінде түсіндіру ұсынылады. Бұл құқықтық ақпаратты жүйелі меңгеруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, мемлекеттік органдарды олардың

атқаратын қызметтері, құзыреттіліктері және жауапкершіліктері бойынша салыстыру пән мазмұнын нақты түсінуге әсер етеді.

Мемлекеттік органдардың қызметін нақты өмірлік жағдайларға талдау жасатуда – кейс әдісін қолдану ұсынылады. Білім алушыларға елімізде болған нақты оқиғалар немесе жаңалықтардан (мысалы, төтенше жағдайдағы немесе заң қабылдаудан) мысалдар келтіру білім алушылардың қызығушылығын арттырады. Кейстік тапсырмалар арқылы әр топқа жағдайды талдап, органның қандай шешім қабылдауы керек екенін ойлануға бағыттау керек. Бұл әдіс теориялық материалды практикамен байланыстыруға көмектеседі. Қазақстандағы мемлекеттік органдардың қызметі Конституцияға сәйкес жүргізілетінін ескерту ұсынылады. Республикада мемлекеттік биліктің біртұтас, оның үш тармаққа бөлінетінін білім алушыларға талдау және сәйкестендіру тапсырмалары арқылы меңгерту қажет.

Мемлекеттік органдардың құрылуында сайлаудың маңызы мен рөлі қандай? тақырыбы бойынша мемлекеттік органдардың құрылуындағы сайлаудың маңызы мен ролін топтық жұмыс арқылы анықтау қажет.

Сайлау процесіне қатысты проблемалық жағдаяттарға талдау жасауға арналған тапсырмалар беру ұсынылады. Сайлаудың әділ және ашық өтуі қоғамдағы сенімді қалай арттырады? Сайлаудағы халықтың құқықтары мен міндеттері қандай? Демократиялық процестердің маңыздылығы неде? зерттеу сұрақтары бойынша талқылау жүргізу қажет. Сонымен қатар білім алушыларға «Мемлекеттік органдардың құрылуындағы сайлаудың маңызы» шағын эссе жазу, онда өз пікірлері мен мысалдарын келтіру туралы тапсырма беру ұсынылады. Бұл білім алушылардың белсенділігін арттыруға, сыни ойлау дағдыларын дамыту мен демократиялық құндылықтарды бағалауына мүмкіндік береді.

Қылмыстық құқықтағы ізгілік қағидасы тақырыбын меңгеруде ең алдымен, ізгілік, ізгілік қағидаты оның қылмыстық құқыққа қатысы туралы негізгі ұғымдарға нақты өмірлік мысалдар келтіре отырып, қысқаша түсінік беру ұсынылады. Адамгершілік– құқықтық талаптар жүйесін ізгілік арқылы баяндау және талдау. Ізгіліктің талаптарын мысалдар арқылы талдаған дұрыс. Қоғамда ізгіліктің көріну қағидаттарын басқа ұстанымдардан бөліп көрсеткен жөн. Білім алушыларға деңгейлі тапсырмалар беру арқылы тақырыпты оңай меңгеруге болады. Мысалы, неліктен қылмыстық құқықта жазаны жеңілдететін жағдайлардың қарастырылғанын, оның әлеуметтік маңызының терең екенін білім алушылар түсінуі қажет. Білім алушының оқу–танымдық, шығармашылық іс–әрекеттеріне баса назар аудару ұсынылады. Оқу іс–әрекеті білім алушылардың коммуникация, сыни және креативті ойлау, сандық технологияларды қолдану дағдыларын дамытуға ықпал етуі тиіс.

Сабақты жоспарлау педагогтің оқу мақсаттарына тиімді қол жеткізуіне мүмкіндік береді. Ол үшін педагог оқу материалы мен сабақтағы әрекет түрлерін мұқият іріктеп алуы керек. Педагогге әр сабақтан кейін білім алушылар меңгере алмаған немесе түсінбеген жерлерін анықтау мақсатында сабаққа талдау (рефлексия) жасау ұсынылады.

Сабақтың негізгі бөліміне арналған оқу мақсаттарын алдын ала анықтау қажет. Оқу пәні аясында білім алушылардың сөздік қорын қалыптастырып, заңнамалық терминдерді дұрыс қолдануды үйрету. Жеке білім алушыға/ жұпқа/ топқа қойылатын сұрақтың нақты болуын ескеру;. Сабақта пайдаланатын көрнекі құралдар (НҚА, ресурстар, материалдар) үнемі қолжетімді болуы ұсынылады.

Сонымен қатар, алдыңғы сабақпен немесе басқа сабақтармен пәнаралық байланыс жасау; алдын ала жоспарланған сұрақтардың көмегімен білім алушыларды белсенді түрде сабаққа ынталандыру; оқыту тәсілдердің бірі ретінде білім алушылардың қателерін тауып, дұрыс түсінбеген жерлерін анықтап түзету оларды тапсырмаларды жүйелі орындауға бағыттайды.

Топтық жұмыс ұйымдастыру барысында білім алушылардың қызығушылығын арттыратын тапсырмаларды, жаттығуларды және ресурстарды, саралау әдісін тиімді пайдалану қажет. Жұппен немесе жеке жұмыс істеу барысында сыныптағы білім алушыларға өзара байланысты (ұқсас) тапсырмалар, құқықтық жағдаяттар беруді; білім алушылардың арасындағы әріптестікті және жүргізген талқылауларын ынталандыруды ескерген орынды.

Сыныппен талқылау барысында білім алушыларды нормативтік құқықтық актілер негізінде талдаған құқықтық жағдайлардың шешімін түсіндіруге дағдыландыру қажет. Сонымен қатар білім алушыларға сабақта келтірілген мысалдардан ортақ қорытынды шығаруға көмектесу; меңгерілген дағдылар мен идеялардың көмегімен шешімі табылмай жүрген жағдайларды талқылау; басқа жұмыспен байланыстыру және ары қарай орындалатын шараларды талқылау ұсынылады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Бастауыш және негізгі орта білім беру деңгейлерінің оқу пәндеріндегі «меңгеруге» қиындық тудыратын бөлімдер мен тақырыптарды зерделеу бойынша әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу – оқу үдерісін оңтайландыру және білім сапасын арттыру жолындағы маңызды қадам. Білім алушылардың функционалдық сауаттылығы мен қазіргі заманның сын-қатерлеріне дайындығына баса назар аударылатын динамикалық өзгермелі білім беру кеңістігінде білім берудің барлық тақырыптарының біркелкі және терең зерттелуін қамтамасыз ету қарастырылды.

Осы ұсыныстарды жүзеге асыру кезінде келесі аспектілерге басты назар аударылды:

1. Оқу процесінің тұтастығы: Педагогтер әртүрлі пәндер арасында білімнің маңыздылығын және нақты өмірде қолданылуын түсінуге мүмкіндік беретін байланыстарды құруға жұмыс істеуі керек. Бұған әртүрлі пәндердің тақырыптары тоғысатын және бірін-бірі толықтыратын кіріктірілген сабақтар арқылы қол жеткізуге болады, бұл пән туралы толық түсінік қалыптастырады.

2. Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін қолдау және дамыту: Күрделі тақырыптарды тиімді оқыту үшін педагогтердің әдістемелік тәсілдерін жетілдіруге мүмкіндік беретін ресурстар мен құралдарға қол жеткізуі қажет. Тұрақты семинарлар, тренингтер және әріптестермен өзара әрекеттесу педагогтерге тәжірибе алмасуға және күрделі тақырыптардың жаңа шешімдерін табуға көмектеседі. Кәсіби қауымдастықтарды құру бірлескен оқу және идеялармен алмасу алаңын қамтамасыз ете алады, бұл өз кезегінде педагогтердің жалпы құзыреттілігін арттырады.

3. Оқытудың жеке әдісі: Әрбір білім алушы бірегей және олардың оқу қажеттіліктері айтарлықтай өзгеруі мүмкін. Сондықтан білім алушылардың үлгерімі мен қызығушылықтарын талдауға негізделген сараланған әдісті қолдану материалды тиімді меңгеруге ықпал етеді. Қабілеттегі, қызығушылықтағы және оқу бағытындағы айырмашылықтарды ескере отырып, педагогтер білім алушылардың ынтасы мен белсенділігін арттыратын жеке оқыту жоспарларын жасай алады.

4. Инновациялық технология: дүние жүзіндегі технология туралы білімдер жетілдірілуде. Сандық түрдегі ресурстарды, интерактивті платформаларды, мультимедиялық материалдарды және басқа материалдарды қарастыруға болады. Сонымен қатар бұл ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы жағдайында маңызды аспект болады және өздігінен оқу дағдыларын дамытуға көмектеседі.

5. Бағалау және кері байланыс: Тиімді бағалау – тек білімді тіркеуге ғана емес, сонымен қатар білімді талдау және практикалық жағдаяттарда қолдану дағдыларын дамытуға бағытталуы керек. Білім алушылардың үлгерімін қадағалайтын формативті бағалау тереңірек, мағыналы кері байланысты ынталандырады. Нәтижелерді білім алушылармен және олардың ата-аналарымен жүйелі түрде талқылау – білім алушыларды қолдауды сезінетін, жаңа оқуға тартатын ортаны қалыптастыруға көмектеседі.

6. Әртүрлі оқу орындарының ынтымақтастығы: мамандандырылған мектептер, гимназиялар, лицейлер және жалпы орта білім беретін мектептердің бір-бірімен белсенді ынтымақтастығы «меңгеруге» қиындық тудыратын бөлімдер мен тақырыптардың проблемаларын шешуде маңызды рөл атқарады. Бұл – ресурстарды, тәжірибені және әдістерді бөлісуге мүмкіндік береді, сондай-ақ, аймақтардағы білім сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Бірлескен жобалар мен бастамалар әртүрлі оқу орындары арасындағы байланысты нығайтудың және біртұтас білім беру ортасын құрудың ұтымды тәсілі бола алады.

Білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды толықтыру жұмыстарында: педагогтерге мынадай ұсыныстар:

- білім алушының тақырыпты игере алмау себептерін, оның оқу жетістіктерінің деңгейін және біліміндегі олқылықтарды анықтау;
- жеке қолдау көрсету үшін білім алушының қажеттіліктерін зерделеу;
- жеке тапсырмаларды таңдай отырып, оқытудың жеке жоспарын әзірлеу;
- жүйелі кері байланысты ұйымдастыру ұсынылады.

Тұлға – белгілі бір даму деңгейіндегі кемелді дамыған санасы бар, мінез-құлқы салыстырмалы түрде тұрақты, сондай-ақ өзінің қабілетін көрсете алатын және әлеуметтік ортамен қатынасын реттеуге қабілетті адам. Білім алушының даралық ерекшеліктері индивидтің даму барысында қалыптасады.

Осы процесс кезінде ақыл-ой жүйесінде және жігерде, ынтада, бейімділікте, қабілетте, дарындылықта, темпераментте, мінез-құлықта өзгешеліктер байқалады. Бұл ерекшеліктердің бәрі білім алушылардың дағдыларына, яғни оның оқудағы жетістігі мен сәтсіздігіне қатысты.

Қорытындылай келе, бастауыш және негізгі орта білім беруде меңгеруге қиындық тудырған тақырыптар мен бөлімдерді зерделеу бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлеу барлық білім беру үдерісіне қатысушылардың кешенді көзқарасы мен бірлескен идеясынан туындады. Білім беру мекемелерінен, педагогтерден кәсіби және шығармашылық тұрғыда дұрыс ұйымдастыру және қолдау болған жағдайда бұл ұсыныстар білім сапасын айтарлықтай жақсартуға, функционалдық сауаттылық деңгейін арттыруға және білім алушыларды қазіргі қоғамдағы табысты өмірге дайындауға мүмкіндік береді.

Оқу материалын терең және жан-жақты меңгеру үшін жағдай жасау – оқу үлгерімін арттырып қана қоймайды, сонымен қатар белсенді, сыни тұрғыдан ойлайтын және болашақтың сын-қатерлеріне дайын шығармашыл жеке тұлғаны қалыптастыруға негіз болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249>
2. Біліктілікті арттыру мен қайта даярлаудың оқу орталықтарын өндірістік кәсіпорындар жанынан құруды және олардың ЖОО–лар мен колледждердің мамандар даярлауына қатысуын көздейтін дуальді білім беру жүйесінің жол картасын бекіту туралы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1400001093>
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031>
4. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700016013>
5. Құлмағамбетова А. Тілдік төрт дағды бойынша белсенді оқыту тапсырмалары, оқу-әдістемелік құрал. – 2014. – 54 б.
6. Жұмақаева Б. Д.. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі: Оқулық – Жұмақаева Б.Д. Алматы, «Қыздар университеті» баспасы, 2015. – 242 бет.
7. Педагогтің цифрлық құралдары интерактивті презентациялар мен оқушыларды бағалауға арналған сервистер. Қостанай қ., 2020
8. Полина А. З. Сравнительный анализ систем общего образования в зарубежных странах: обобщение опыта изучения//Интеллигенция и мир. – 2023. – № 1.– С. 97—123. DOI: 10.46725/IW.2023.1.5
9. Жетілдіру және ынталандыру. Монография / И.У. Сагиндиқов, С.К. Жумажанова, А.Ж.Ауезханова, М.Ш. Тасбулатова – Астана, 2022. – 260 бет.
10. Жетілдіру және ынталандыру. Монография / И.У. Сагиндиқов, С.К. Жумажанова, А.Ж. Ауезханова, М.Ш. Тасбулатова – Астана, 2022. – 260 бет.
11. «Орта білім беру ұйымдарында білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг нәтижелерін кешенді талдау» аналитикалық есеп», Астана, Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2022 жыл – 296 б.
12. ««Орта білім беру ұйымдарында білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг нәтижелерін кешенді талдау (ББЖМ-2023)» Аналитикалық есебі» / Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі, Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, Астана: 2023. – 182 б.
13. Завальцева О.А. Применение различных способов визуализации на уроках химии в школе// <https://cyberleninka.ru/article/n/primenenie-razlichnyh-sposobov-vizualizatsii-na-urokah-himii-v-shkole> .
14. Завальцева О.А. Применение различных способов визуализации на уроках химии в школе// <https://cyberleninka.ru/article/n/primenenie-razlichnyh-sposobov-vizualizatsii-na-urokah-himii-v-shkole>

15. «Педагогикалық білім берудің заманауи трендтері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жұмысының ғылыми мақалалар жинағы. - Шымкент: «Оңтүстік Полиграфия» баспасы, 2020. – 617 б.

16. Орта білім беру ұйымдарында білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг нәтижелерін кешенді талдау (ББЖМ-2023) аналитикалық есеп, Астана, Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2023 жыл.

17. Үлгерімі төмен білім алушылармен жұмыс бойынша әдістемелік ұсынымдар, Астана, Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2022 жыл. <https://uba.edu.kz/>

18. Білім беру ұйымдары қызметінің мониторингі қорытындысы негізінде білім алушылардың білімін толықтыру бойынша әдістемелік ұсынымдар, Астана, Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2022 жыл. <https://uba.edu.kz/>

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	1
1 Бастауыш және негізгі орта білім беру пәндері бойынша «меңгерілмеген» бөлімдер мен тақырыптарды талдау.	50
2 Бастауыш және негізгі орта білім беру пәндері бойынша «меңгерілмеген» бөлімдер мен тақырыптарды зерделеу бойынша әдістемелік ұсынымдар.	48
Қорытынды	2
Пайдаланылған дереккөздердің тізімі	1